

841003

M-91

Батырбек  
Мырзабеков



ТАС  
БҰЛАҚ

---



БАТЫРБЕК МЫРЗАБЕКОВ

# ТАС БҰЛАҚ

АЛМАТЫ — 1995

*Әкем Тыныштықбайдың рухына арнаймын.*

**Автор.**

**«Т а с б ұ л а қ». Батырбек МЫРЗАБЕКОВ.**

Батырбек Мырзабеков бұл тұңғыш жинағында туған жер, қасиетті Ұлытау өлкесінің сұлу табиғатын, адамдарының жарқын келбетін, Уақыт, Болашақ туралы ой-толғаныстарын шынайы сезімі арқылы өлендік кестеге түсіріп, өзінше жырлауға ұмтылған. Автордың «Гүл патшасы — Гүлжаһан» поэмасы да қызғылықты әрі тартымды сюжетке құрылған.

**ISBN 5-7667-3249-X**

Қазақстан Республикасы баспасөз және  
бұқаралық ақпарат министрлігі

© Әл-Фараби баспасы,

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### Таңбалы тас тіл қатқанда...



## ҰЛЫТАУДЫҢҰЛЫМЫН

Әр тасында таңбасы бар тарихтың,  
Заңғар шыңы бірлігіндей халықтың.  
Кең даласы кен казына қоймасы,  
Тұлғасы өзге Ұлытаудай алыптың.

Дархандығын жиған бойға даланың,  
Нар тұлғаңа мейірлене қарадым.  
Зеңгір көкте шырқап ұшқан күс көрсем,  
Ұлпажүнді ұлар-ау деп каламын.

Ұлытауым — баба тауым-астанам,  
Мен өзіңнен шаттық табам, бақ табам.  
Етегінде «Қыз емшектің» тұрсам да  
Төбем көкке тиюге аз шақ қалам.

Қымбат маған Ұлытаудың әр тасы,  
Ақ қайыңы, жасыл терек, аршасы.  
Саф ауасы, самал желі, сағымы,  
Ақпандағы аппақ қары, баршасы.

Ұлағатын ұғып өскен ұлының  
Қанып ішкен «Тасбұлақтың» тұнығын,  
Шынымды айтсам, бақыттымын мен шексіз  
Жай тау емес, Ұлытаудың ұлымын!

## ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ЖҮРЕГІ

Алатауды,  
Қаратауды,  
Көкшетауды көрдің де,  
Тау біткеннің бәрін бірдей  
Көрдім деп сен сендің бе?  
Кешір досым,  
Кешір мені әйтсе де,  
Ұлытауға келіп сәлем бердің бе?  
Ұлытауда болмасаң сен бір рет  
Басқа тауды көрмедің не, көрдің не?

Бұл сезіме шымырланба,  
шамырқанба, шамданба,  
Елдіңісі, ердің құны  
Не бір қиын даулар да.  
Шешіліпті дәл осында  
Бармай басқа тауларға.  
Ұлылығын мойындаған  
Бұл таудың  
Досы тұрмақ,  
Қырын қабақ жаулар да.  
Ұлытауды бостандық деп  
Бірлік күш деп таныған,  
Торғай, Тобыл  
Арынды Атырау да.

Ұлытаудың қасиетін  
Алыс-жақын біледі,  
Зенгір көктің тұғыры да  
Тауға тұяқ тіреді.  
Ұлығауда болмасаң сен,  
болып кет,  
Ұлытауғой барлық таудың жүрегі.

## ТАСБҰЛАҚ

Бөгенбайлар ат суарған Тас бұлақ,  
Тау төсінде еркелейді шапқылап.  
Сылдырлаған сұлу үнмен сырласып  
Тербеледі жағасында жас кұрақ.

Мөлдір бұлақ кайнап шыққан тереңнен,  
Кәусар осы шаттық күйге бөленген.  
Өмір нәрі — тұнып тұрған тас шеген  
Аумай қапты атам соққан зереннен.

Тас бұлағым — таусылмайтын тереңім,  
Тас бұлағым — таусылмайтын өлеңім.  
Алыс жолдан шаршап келсем әрдайым  
Ең алдымен осы маңға келемін.

Тас бұлағым — толқындайын айдыным,  
Тас бұлағым — таусылмайтын байлығым.  
Елпелектеп елге тұнық сыйлаған,  
Өзіңбарда сезінбеймін қайғы-мұң,

Тас бұлаққа тоқтап, кәне, тізе бүк,  
Тауға келіп соқпай кетсең күлер жұрт,  
Ұлытауғаұзақ өмір сыйлаған,  
Тас бұлақтан сен де, достым, бірер жұт.



## ТАҒЗЫМ ЕТ...

Хал — қалай, батыр,  
Ден сау ма?  
Жүрсің бе есен  
шапқылап.  
Көп болды,  
хабарласпадық  
Шешіліп жайды  
айт, шырақ.

Көтерген жаман  
салмағын,  
Ашық па  
зеңгір тауларым.  
Көктемдекеліп  
қалыпты  
Сеземін көктен  
бал дәмін.

Тас жарып таудан  
Жарқырап,  
Қиялайкөкке атқылап  
Тұнығын елге сыйлаған  
Толқындап  
тұр ма Тас бұлақ?!  
Елпілдеп, еркін,  
асыға.  
Шықсаң бір таудың басына.  
Басыңды  
Иіп тағзым ет  
Таңбалар тұрған тасына.

## ТАУ — КІТАП

(«Ұлытау» күй жинағының авторы Шәміл  
Әбілтаевқа)

Ұлытау күлімсіреп қыранына,  
Құшағын еркін жайды ұланына.  
Зенгір көк күлімсірен төкті нұрын  
Шәмілге — Ұлытаудың «Ұлдарына»

Тенселіп кәрі терек көл тербеліп,  
Табиғат кетті ілезде көркемденіп,  
Ұлытау үнсіз ғана бас изеп тұр.  
«Бір жасап қалдым-ау» деп еркем келіп.

Ұлытау — күйдің аты, кітап аты,  
Кейде де биік тұрған мұнарасы.  
Ішінде толқынды күй күмбірлесе  
Мап-майда тау гүліндей мұқабасы.

«Толғау күй» — өз сөзіндей Фарабидің,  
Күйшілер ордасындай «Орда күйің»  
Көтерсе адам жанын «Ормандағы ой»  
Жарысқа шақырады «Жорға биін».

«Жыраулар» шертсе келіп, шежіре сыр,  
Тындаттың аяулы аға, «Сәбеннен жыр».  
«Өріккүл» қазақ қызы жаны нәзік  
Жігітке жігер берген күйің «Шымыр».

Ұлытау — тау атасы, жер кіндігі,  
Ұлытау — ерге қоныс, ел бірлігі.  
Ұлытау кешегі өткен Асан кайғы,  
Бүгінгі ұрпақтардың еркін жыры.

Таусылмастаудай осы дарыны бар  
Күйінде асау өзен арыны бар,  
Ұрпағы Құрманғазы — Шәміл күйші,  
Жүректе жанар таудай жалыны бар.

## С Ы Р Л А С У

Дана тауым, көне көз қариям-ау,  
Түпсіз терең, тұңғиық дариям-ау.  
Ғасырлардан сақтаған сырларыңды  
Керек-ақ қой халқыңа жариялау.

Айыр өркеш, нар тұлға дара тауым,  
Кемеңгерім көсемім — баба тауым.  
Ақтаңдақты жылдардан не білесің?  
Күтіп отыр сөзіңді дала-қауым.

Жалғанды айтпа, шындықты айт, жасырмай  
айт,

Жоқтыбар деп, болмысты асырмай айт.  
Ерлерімнің кешегі көзі қайда?  
Өз бойыңнан аулаққа қашырмай айт.

Көрдің бе сен Сәкенді — Бұлан ерді,  
Көрдің бе сен Ілияс — Құлагерді.  
Сөз жорғасы көрдің бе Бейімбетті,  
Үшеуіде шоқ жұлдыз — шырақ еді.

Әлде олар бұл тауға соқпады ма?  
Келмей кетсе кер күннен қорыққаны да.  
Әлде келіп үшеуі шыңға шығып  
Шатыр тігіп, қонақ боп тоқтады ма?

Мүмкін емес, әйтеуір, соқпауы бір,  
Ұлылардыңтүйісер соқпағы бір.  
Исі қазақ ат жалын тартып мінген  
Бір өзіңнен ұлағат жаттайды сыр.

Соның бәрін сен неге жасырасын,  
Келді кезін жаңарып, ашылатын.  
Ақтабан боп шұбырды ел көз алдында  
Ақтандақты айтпасаң атына сын.

Талай қырғын өтті рас, көз алдында,  
Сан сойылды тоқтаттың сөз алдын да,  
Ақтандақты жылдарда Ұлытауым  
Сойқанына содырдың төзе алдың ба?

Сонда неге ел үшін егілмедің,  
Жоқ еді ғой тасыңда, тегінде мін.  
Неге ғана сонда сен сұрамадың  
Елдің ұлы — еңсегей ердің кегін.

Неге ғана сен сонда үнсіз қалдың  
Керегі жоқ бұл жерге бір сылтаудын,  
Ұрпағына камқор, қол бола алмаса,  
Ұлылығы қайда онда Ұлытаудың?

Кешір тауым, сен мына кешір мені,  
Жүрегінді күйзелткен мешін бе еді.  
Әлде сонау отты жыл есінде ме.  
Қырықбірдің қыршын жас өсімдері?

Таптағанда табанға жау жерінді.  
Тілгілеген кезінде сау жерінді,  
Өзколыңмен шығарып сала алдың ба.  
Жауға карсы батыр ұл — Баубегінді?!

Киын іс те емес ол аса тіпті,  
Мәрмәр мүсін ерлерге каша тіпті  
Украин бауырлар Днепрде  
Бір ескерткіш Баубекке жасатыпты.

Рас, бүгін ел өсіп, жасарыпты,  
Жаңалық пен жақсы істер жасалыпты.  
Тұңғышқазақ әскери ұшқышы еді  
Ұмытқансен жоқсың ба Асатовты?!

Көп еді ғой көкке ұшқан қырандарың,  
Орны қайда Тайжандай жыр — аңғардың?!  
Тарихымның таусылмас шежіресі-ау,  
Сенен іздеп солардың тұрам бәрін.

Ізі бар ма олардың әр тасында,  
Қырын тұғыр тұр ма әлі тау басында.  
Арындаған жырлары ақын ұлдың  
Косыла ма Тас бұлақ арнасына?

Таудай-таудай нән талап, өссін ерің,  
Түлетебер қыранның тектілерін.  
Ерлік, елдік мектебі — Ұлытауым,  
Ұмытпауда ұлылық деп білемін.

Сыршыл желің сырыңды айта білсін.  
Келбетіңе күн сүйген ай табынсын.  
Ақтаңдақты жылдарда солып қалған  
Шындықгүлің шыңда өскен қайта күлсін.

Ерлігіңе аспан, жер адам куә,  
Шыдамдылық — ұлылық шығар сірә.  
Бірақ, тауым, өтінем сенен енді,  
Шындық гүлді таптатпа табандыға.

## БАУБЕККЕ ХАТ

Күн сайын келген газет арасынан,  
Хат күткенмін ағадан дара туған.  
Сол хабар желдей есіп, келді жетіп.  
Днепропетровск қаласынан.

«Елім деп еңіреген ер осында, —  
Хат жазды пионерлер, — деп осында.  
Жазушы Баубек Батыр жатыр біздің  
Өзі алған — Новоюльевка селосында.

Білеміз Баубектің біз батырлығын,  
Үлгі етіп үйренеміз батылдығын.  
Туған мен сіздің жақта, бізде батыр,  
Тоқтатпай жазып жатыр жарқын жырын».

Хат соңы сәлем жолдап, хош айтыпты,  
Күтеді Баубекті де қоса айтыпты.  
Бұрын да тулап тұрған жүрегімде  
Бұдан соң енді маза болсай тіпті.

Сүйемін ашық айтып шешілгенді,  
Мен бұрын бара алмасам кешір енді.  
Әйтсе де Новоюльевка селосына  
Бір бару аға, менің есімде еді.

Барамын Алатаудың гүлін алып,  
Қішітау топырағын түйіп алып,  
Барамын жаңа жазған жырларыма  
Самалын Сарыарқаның жиып алып.

Нәр алған қасиетті тау тасынан,  
Апарам Ұлытаудың аршасынан.  
Беремін күтіп алған жігіттерге  
Балығын Балқашымның бал татыған.

Толтырған қазынамды кемеріне,  
Қолымды Қарсақбай боп беремін-де.  
Қарсы алған Новоюльевка сұлуына  
Сыйлаймын қос Кеңгірдің өзенін де.

Әйтеуір, мен барымды алып барам,  
Жарқырап жалын болып жанып барам.  
Космос, миллиардтар мекені ғой,  
Кендеемес еш нәрсеге алып далам.

Ұлымызекеуміз де даламыздың,  
Жоқ тіптен алшақтығы арамыздың.  
Шынында іздеп бару міндетім ғой.  
Мен сіздің бөтен емес балаңызбын.

Қалдырған артыңызда ізіңізбін,  
Көрмеген көктем, қыс, жаз, күзіңізбін.  
Айтатын жалғастырып сіздің енді,  
Мен осы Ұлытаулық ініңізбін.

Жерлесің, туысқаның, бауырыңмын,  
Өзіңдей тауда туған, тау ұлымын.  
Келемінүлес қосып өсуіне,  
Сен туған, өзім туған ауылымның.

Сен туған Кішітауда тудым мен де,  
Бетімді тау суына жудым мен де.  
Сен жазған жалынды от жырларыңның,  
Жалғасын жазуға бел будым мен де.

Жырлаймын сен бастаған ерлік істі,  
Жырлаймын бейбіт сүйгіш елді күшті.  
Жырлаймын сәбилердің шат күлкісін,  
Жырлаймын бүгінгіні — ендігі істі.

Жырлаймын бұрынғымды, өткенімді,  
Жырлаймын нұрын төккен көктем күнді.  
Жырлаймын адамдықты, адалдықты.  
Жырлаймын өзің болып көктемімді.

Ел үшін Еділ болам, Жайық болам,  
Ел үшін өткел болам, қайық болам.  
Сене бер аға маған, сене берсең  
Сен туған Ұлытауға лайық болам.



# ЕКІНШІ БӨЛІМ

## Күміс тамшылар



## ШЫНДЫҒЫ СОЛ

Шындығы сол, алдай алмас көзді ешкім,  
Жылдар жылжып тез өтерін сезбеппін.  
Қиялымда жүруші едің қалықтап  
Бүгін міне ойда жоқта кездестің.

Әуезді ән Қанат қағып көгімде,  
Қызғалдақ жыр құлпырып тұр көңілде.  
Ұйықтап кетсем енуші едің түсіме,  
Жолықтырып тұрмын енді өңімде.

Дидарыңды, көріп қара шашынды,  
Жыр тасқыны жанар таудай атылды.  
Аға — деген асыл сөзден айналдым.  
Мен білмей-ақ кетейінші атыңды.

## ЖАНГҮЛІМ

(Әні бар)

Жұлдызындай көгімнің,  
Жарқыраған өмірім.  
Өзің барда қасымда  
Ортаймайды көңілім.

Арай таңның шаттығы,  
Шырағысың — сенімнің.  
Адалдықтың ақ туы,  
Аққуысың көлімнің.

Таңда туған жырсың сен,  
Айтылмаған сырсың сен.  
Қол жетпейтін арман боп  
Қиялымда жүрсің сен.

Бұлбұл құстай таңғы үнің,  
Өзің салған ән бүгін.  
Жүрегімде жаңғырып,  
Жүре берсін, Жангүлім!

## **МАХАББАТ ЖАЙЛЫ**

Махаббат жайлы, қыз жайлы,  
Жазғам жоқ жырды, жазбадым.  
Ұғамдеп жүріп шын жайды,  
Ұрыныпқала жаздадым.  
Сонда сен салған әнменен  
Жалындай жанып маздадым.

Жазбақ боп жақсы отты өлең,  
Сан танды көзбен атырдым.  
Махаббат деген атпенен  
Шабытты шақты шақырдым.  
Сонда сен келдің қасыма  
Әсем жыр болып, ақылдым.

Махаббат жайлы, қыз жайлы,  
Жазбаса көңіл тынбайды.  
Айтам деп жаңа тың жайды  
Алқынған жүрек тулайды,  
Күлімдептұршы қасымда  
Болмасын десең мұң-қайғы.

## **ҚАС-ҚАҒЫМДА**

Туғаныңда неге сонша шыңғырдың,  
Құлдық қамыт кигеніңді шын білдің.  
Шыр еткенде жөргегіңнен бұрын-ақ  
Етегіне орап алған бұлдыр күн.

Тірлік үшін талапталдың, талпындың,  
Еңбектедің, сан жығылды, сан тұрдың.  
Табиғатпен белдесем деп беттесіп  
Арпалысып әлің келмей алқындың.

Мейлің ашын, мейлің бұған ашынба,  
Қарсы тұрмақ шамаң келмес жасынға,  
Өз бетінше тындырған бір ісің жоқ  
Дәрменсізсің билігің жоқ басында.

Айтшы кәне, кімнен, неден нең артық,  
Жүрген құлсың қару сүйекке көң артып.  
Біреуге көп, біреуге аз берілген  
Мақтанғанда бірер жұтым дем артық.

Мойындасаң — тіршіліктің құлысың,  
Бұлжытпайсың тәңіріңнің бір ісін.  
Еркінде емес сөйлер сөзің, күлкің де,  
Бірқында емес жүрісің де, тұрысың.

Қолыңда емес тууың да, өлуің,  
Бірқында емес жақсы — жаман көруің.  
От айналған көбелекпен бірдейсің  
Қас-қағымда жануың да сенуің.

Дау айтарсың, адаммын деп ісінбе,  
Мақтанарың ақыл-айла, күшің бе?  
Адам болып тындырғаның белгілі,  
Ұйықтап жүріп құдай болдың түсіңде.

Мен құдай деп лепірген бір пендесің,  
Қөкте емессің, бірақ мына жердесің.  
Жерде тұрып тайталастың құдаймен  
Табиғаттың аламын деп бермесін.

Есің болса жерге қолды салар ма ең,  
Балқаш анау, аңыраған Аралмен.  
Табиғаттың бөлшегі едің өзің де  
Өзіңді өзің жауша тонап алар ма ең.

Тірлігіңе риза болмай қас-қағым,  
Есіңде ме айғай салып аспанға от атқаның.  
Жетпіс жылдай жұмыр жерді жұлмалап  
Сезбедің-ау арылмайтын алдында сор  
жатқаның.

Табиғаттың кетті асқынып жарасы,  
Тәңірге аян жақсы-жаман арасы.  
Он сегіз мың ғаламаттың бірі едің,  
Ақылға кел, ей, адамзат баласы!

## ТЕРЕЗЕ ТЕҢЕСКЕН КҮН

Қамшы астында қаймығып қанша жүрдік,  
Құдайға емес күштіге құлдық ұрдық.  
Жарылқауы тәңірдің ілезде екен-ау,  
Қонды басқа бақыт құс — тәуелсіздік!

Көп екен ғой жаратқан жақсылығың,  
Арайланып ақ таңым атты бүгін.  
Қанталатпайкөп көріп келіп едік,  
Алтын сақа түсті ғой алшы бүгін.

Бүгінгі күн — ақсарбас шалынған күн,  
Боданынан басқаның арылған күн.  
Еркін елдің ертеңі бақ болсын деп,  
Ақ түйеың қарыны жарылған күн!

Бүгінгі күн — өшкенің жанған күнің,  
Тәуелсіз боп оралды тілің, дінің.  
Басын қосқан үш жүздің, жүз бір ұлттың.  
Білікті ісі де мұны білімдінің.

Бүгінгі күн — айдардан жел ескен күн,  
Ертең жайлы еркінмен кеңескен күн.  
Әлемдегі бар елмен қазақтың да  
Деңгейі бір терезе теңескен күн!

Сертке ұстап атаның алдаспаның,  
Мен тілеймін жақсылық жалғасқанын.  
Егеменді, тәуелсіз — елдің тойы  
Құтты болсын, қолды әкел қандастарым!

## ТІЛЕК

Аралап жалпақ даланы,  
Қаншама биік тау көрдім?  
Аршалы тауым — ар тауым  
Саламат сені сау көрдім.

Алатау әсем десең де,  
Ұлытаусаған жетер ме?  
Қаратау көркем десең де,  
Ұлытау сенен өтер ме?

Етегің жазық қойның кең,  
Бөктерің малға толған тау,  
Басына елдің күн туса  
Еліме пана болған тау.

Бесікте бөбек тербеліп,  
Есейіп өсіп ер болған.  
Қысылса қазақ бас қосар,  
Ұлытауұлы жер болған.

Жүрекке сыйлар жылылық,  
Баба тау — дала сырын ұқ,  
Ұлытау ұлы дейтіндей  
Ұрпаққасыйла ұлылық.

## ГРУЗИЯ—ГҮЛСТАН

Грузия — гүлстан,  
Гүл тұнып тұр баулары.  
Грузия — жырстан,  
Өн салады таулары.

Грузия жүректі  
Батырлардың Отаны.  
Грузия жыр — отты,  
Ақындардың Отаны.

Автандильдей жолбарыс  
Батыр туған жерінде,  
Ақындарға болды аңыз!  
Руставели кезінде.

Батырлық пен мәрттікті  
Мұрат еткен шыңдары.  
Сұлулық пен жастықты  
Қастерлеген қыздары.

Шыңғашығыпшыныққан  
Жігіттері айбатты.  
Таудан тарих сыр ұққан  
Қарттары да қайратты.

Арай шашып, нұрланып  
Таңы күліп атады.  
Қара теңіз бұрқанып  
Тулап, толқып жатады.

Қонақкелсе сөз берер  
Ел сыйлаған салты бар.  
Сені де ол дос көрер,  
Айнымасқа анты бар.

Грузия ежелден,  
Ірге қоныс бауырым,  
Туысымдай сезем мен  
Тауда туған тау ұлын.

Ер жеттім тау әнімен,  
Таудың сырын білмеймін.  
Таулықтардың бәрімен  
Бірге соғар жүрегім.

## МАМЫРМЕН СЫРЛАСУ

Әлемге аян алқызыл жалын күшің,  
Мың-мың толқын тоғысқан арындысың.  
Жүректерді жалғаған жүректерге  
Жарқын айым, жастығым — Мамырмысың!

Қашан көрсем шалқыған шабыттысың,  
Қашанда осы жарқын бір қалыптысың.  
Сыры неде шуақты шырайыңның  
Айтшы Мамыр, жасырма халық білсін.

Тоқыраудың көтердің жүгін қанша,  
Жылжып кеткен жоқпыз біз бүгін де онша.  
Дүкендердің сәресі бос қалды ғой  
Бірі болмай заттардың бірі болса.

Жоқтың бәрін мұң етіп не қылайын,  
Жолдас емес білемін сарыуайым.  
Жыл он екі ай жадырап бір келетін  
Тек өзіңе дін ашып арылайын.



Иман қашпас демей ме талапты ерден,  
Дәтке қуат өзіңді санап келгем.  
Елге байлық, жерге ырыс беретіндей,  
Озып келіп шапқылап пар атпенен.

Мүсін Мамыр, қазіргі біздің жайды ұқ,  
Тілемеймін басыма жеке байлық.  
Маңдай терін бес төгіп, бес сыпырып,  
Алмайтындар көбейді бүтін айлық.

Болсын десең әрбір үй — жанұя бай,  
Отаныма дәулет бер дариядай.  
Қой үстіне бозторғай жұмыртқалар  
Тірлік берші кәдімгі Мамыражай.

Зілзаладан сақташы кең жерімді,  
Рахатпен қайтаршы еңбегімді.  
Уызына алаңсыз тойсын әбден  
Мәпелеші әлдилеп төлдерімді.

Биіктесін заңғарым, асқарларым,  
Жыр көмкерсін гүл жүрек жастар жанын.  
Бар адамзат мамырдай шырайлансын,  
Осы менің тілегім басты арманым.

Әлем сүйген алқызыл Мамыр айым,  
Мен қашанда қасыңнан табылайын.  
Бірлік туын жоғары тік ұсташы,  
Тәңірімдей өзіңе табынайын.

## ЖАҢА ЖЫЛДА

Өте шыққан қиқулап,  
Ескі жылым тым қымбат.  
Жаңа жылдың нұр таңы  
Келсін бақыт, жыр сыйлап.

Аман-есен үй-іші,  
Еркін өсіп келеміз.  
Қуанышқасүйінші  
Сұрағанға береміз.

Қалам сабым қадірлі,  
Қаруымның бірі де,  
Ескі жылдың жаны ізгі  
Қымбат күні-түні де,

Сыйластықтың кілті көп,  
Кірленбесін жүрегің,  
Сыйластықтың кілті деп  
Қимастықты білемін.

Жаңа жылда бір тілек  
Тұрсын жүрек жыр тілеп.  
Жырым елдің мүлкі деп  
Жайраң қағып жүрші тек.

## АҒА ТОЙЫНА

(Апбаз Қаражігітовтің 70 жылдығына)

Ұлытауда, басында Тас бұлақтың,  
Арналы жыр әрдайым тасқын атсың.  
Қыземшекті аймалап таудың лебі  
Шығып келе жатқан кез жарқырап күн.

Тау үстінде қалғандай шырақ жанып,  
Таң шапақтап келеді қияктанып,  
Таңдыкүтіп түбінде Тас бұлақтың  
Аға-інілі біз тұрдық сыр ақтарып.

— Ұлытауда кім білмес бұлақ барын,  
Бұлақ көрсең күтіндер, шырақтарым.  
Талант деген — Тас бұлақ — тас жарады,  
Деп Әбеке шешіліп сыр ақтардың.

Есімде Әбе, солай сыр ақтарғаның,  
Көп айтқансың соңында жастар барын,  
Ел мақтаған сол кезде-ақ қыз жақтаған,  
Қаражігітов қаламы «Тас жарғанын».

Ақын жаны мақтанға есірмеді,  
Тас жарды жыр-қаламы кетілмеді,  
Келді өмірге одан соң бір поэма,  
Қарапайым қазақтың «Жетімдері».

Көп айтасың әлі де жас шағыңды,  
Аялайық дейтін Сіз қас-қағымды,  
Содан бері Тас бұлақ — талант күші  
Таныстырды «Ақмоншақ», «Шақпағыңды».

Қасиеті шығар бұл кең даланың,  
Алты алашты бөлмедің, тең қарадың.  
Жауға салса батыр ең, дауда шешен,  
Серісі де атандың жез қаланың.

Торламасың Әбеке, төбеңді бұлт,  
Бұл тілекке қосылар әлеумет — жұрт.  
Жетпістегі серінің сертіндей боп  
Сән беріп тұр көркіңе сақал мен, мұрт.

Алпысыңда сері боп сайран салдың,  
Жетпісте де жігітсің, қайран қалдым.  
Жүз жасыңда жөргекке жан бітірген,  
Көзіндейсің Әбеке-ау Найман шалдың!

# ҮЧІНШІ БӨЛІМ

Көш-керуен  
күнге беттейді



## ӨМІР АЛҒА ЖЫЛЖИДЫ

Алға жылжып барады, өмір алға,  
Көңілді алға сүйрейді, сезімді алға.  
Асығасың амалсыз, асығасың  
Көру үшін бәрін де көзің барда,

Алға жылжып барады, өмір алға,  
Талпынасың қалмауға өзің де алға,  
Асығасың сонда да асығасың,  
Айту үшін айтатын сөзің барда.

Жүрек тулап алға озып бұлқынады,  
Асау толқын арналы жыр туады.  
Көзің көрген ісіңді миың екшеп  
Ойың жүйрік жеткізбей ұмтылады.

Өткеніңді ойлайсың, ертеңіңді,  
Ердің ісі — сенікі — ел сенімі.  
Ұзартамдеп жалықпай жүгіресің  
Өміріңді, қып-қысқа келте күнді.

Бүгінің мен ертеңді сабақтайсың.  
Ақ арман көбейіп қанат жайсын.  
Асықтырар өмірді — уақыт қой  
Алға тартып артына қаратпайтын.

Сондықтан да бұл өмір асығады,  
Өмір сыры уақытпен ашылады.  
Өмір жүйрік десек де, шын есепте  
Уақыттың алдында ол бас ұрады.

Алға жылжып барады, өмір алға,  
Сен де жылжы, шегініп кейін қалма.  
Уақытқа ілесе білу керек  
Көрер көзің, айтатын сөзің барда.

## КЕРЕГІ НЕ ӨКПЕНІҢ

Өкпеңді қой, айтпа оны керегі не,  
Тыңдамаймын мен тіпті себебін де.  
Жақсы болсаң жадырап, жарқылдап күл  
Өкпе теріп келдің бе сен өмірге.

Түс сабаңа, өкпеңді сабалама,  
Өткенді айтып жанымды жаралама.  
«Жақыныңды жаттай күт», — деген қайда,  
Ағайынның арасын алалама.

Шақпайды екен туғанын аралар да,  
Көре алмайды бір-бірін ала қарға.  
Ал сен болсаң азамат, адамсың ғой,  
Үлгің қайсы үйретер балаларға.

Шалқаясың жен айтып жалынғанда,  
Таласым жоқ, дөкейсің бағың барда.  
Туған-туыс, дос-жаран, көршің тұрмақ,  
Кілкіпшыға келесің жарыңнан да.

Айтшы сонда сен өзің тазамысың,  
Таза болсаң неге онда мазалысың.  
Байлық емес, ақ қымбат, көңіл қымбат,  
Одан артық бақыт жоқ қазақ үшін.

Жақсы болсаң неге оған өкпелейсің,  
Жақсылар аз, жамандар көп пе дейсің?  
Сағат жарым сөйлейсің бар — жоқты айтып,  
Ол бес минут сөйлесе, бөспе дейсің.

Көрініп тұр өтірік күлгенің де,  
Жалған күлкі дақ салар жыр-көңілге.  
Араздық пен арсыздық ағайындас,  
Адамдыққа жан аспас білсең мүлде.

Айт сонда да бірлікті, татулықты,  
Жараспайды жақсыға ашу тіпті.  
Өздеріндей азамат өкпе тепсе  
Кім көтерер адалдық асыл жүкті.

Өкпеңді қой, айтпа оны керегі не,  
Тыңдамаймын мен тіпті себебін де.  
Өтіп кетер қысқа күн, келте ғұмыр  
Өкпелеумен жүргенде сен өмірге.

### ШЫҚТЫМ КӨКТЕП ӨРТЕҢГЕ

Шабытымның қыл пернесін  
шертем де,  
Тірлігіме, ой жүгіртем  
ертеңге.  
Қарғатамыр қазағымды қырдағы  
Қос қыранға ұқсатамын  
өркеуде.

Өрлігі бар,  
ерлігібар танылған  
Ақынына, батырына табынған,  
Тау суындай  
мөлдір таза жүрегі  
Дос пейілге  
Тасқын селдей ағылған.

Ұрпағы едік,  
еңсегейлі Есімнің  
ұланыедік  
көш бастаған Көшімнің  
Қара Ертісті  
қараорысқа қалдырып,  
Ұзын бойын  
тастап шықтық Есілдің.



Керегі жоқ, десек те құр  
айыптың  
Кезеккелді бағалайтын  
байыптың.  
Қанды қара ізі жатыр  
Ермактың  
Жағасында  
Ертіс, Еділ, Жайықтың.

Тәуеп етіп сымбатына  
жарты айдың,  
Күнді сүйіп  
жүргеніме марқайдым.  
Адамын да, маралын да  
сырғытып,  
Ал, басқалар  
алды төрін Алтайдың.

Жалған емес,  
бәрі шындық не дейін,  
Көп шындықты  
бүгіп келді көмейім,  
Жүрегіме найза бойы  
батады  
Ажал орда — атанғаны  
Семейім.

Неге сонша  
Көнбіс болып жаралдым,  
Кең далама  
сыймай неге қамалдым?  
Неге, неге  
толып жатыр мың сұрақ,  
Тағдырына  
байланысты Аралдың.

Неге, неге  
жарылмадым намыстан,  
Кімнен кеммін  
жағалассам, алыссам,  
Көк дөненді  
қуып озған көңілім  
Салқын тартып  
қалдым неге жарыстан?

Білем, ұғам,  
арман — мұңды талайғы,  
Ақын жүрек  
еркіндікті қалайды.  
Азат күнге  
алып шығар  
халықты  
Желтоқсанның күттің  
таңын арайлы

Желтоқсанның ызғарымен  
шыңдалып,  
Жалын емес  
алау тәнді мұз қарып.  
Желтоқсан боп  
желбіреді ар-намыс  
Тау теңселіп,  
қалды терек ырғалып.

Төкті нұрын  
сұлу жерге ғажап күн,  
Желтоқсанда  
атты таңы Қазақтың!  
Мәңгілікке  
үзген құлдық бұғауын  
Еркін елдің  
ұлымынмен — Азатпын!

Тірлігінде көрген отын  
дозақтың,  
Мың бір жолын  
кесіп өткен азаптың.  
Құлдық қамыт  
сүйреп келіп бес ғасыр,  
Еркіндікке енді шыққан  
Қазақпын!

Бүгініме  
шөлдеп шаршап келсем де,  
Тірлігіме,  
ой жүгіртем ертеңге.  
Қарға тамыр  
қарабала қазақты  
Жауқазындай көктеп шыққан  
Өртеңге!

## ТҰСАУ КЕСЕР

Тұмар тағып,  
еәйгүлік ат баптаған,  
Жыр төгілтсе әуені асқақтаған.  
Той-думанға үйренген қайран бабам  
Жалғыз қалса, жабырқап ас батпаған.

Бабам менің, шын ұққан дала сырын,  
Бағын ойлап, келешек баласының.  
Сақтап келген дәстүрін, ана тілін,  
Сақтағандай көзінің қарашығын.

Салт-дәстүрі, игілік ізгі ойлары,  
Бір қызығы бір дастан бір тойдағы.  
Итжүгіртіп, құс салса, ол да шаттық  
Екеу болса және той бір бойдағы.

Келін түссе, ауылға құт келгені,  
Жолаушының, ол да той түстенгені,  
Көлденеңдікөк атты берін кетер  
Көрімдігін, келіннің — жүз теңгені.

Іңгәлаған сәбидің үні қандай,  
Былдыр-былдыр алғашқы тілі балдай.  
Той жасайсың оған да жеке дара  
Жағдай жоқ деп ырғалып жүріп алмай.

Той жасайсың, қар еріп, жер көктесе,  
Бір тойлайсың қой қоздап, төл көп десе.  
Соның бәрі шын тойдың бастамасы  
Ең үлкен той — сәбиің еңбектесе.

Еңбектесе, сәбидің жүргені де,  
Өмір сүру керегін білгені де.  
Ат шаптырып, арнайы дайындалған  
Қаз-қаз тұрған бұл күнге ілгері де,

Күйтөгілтіп, тұяқтан құлан көшкен,  
Биікті аңсар балапан шынарда өскен.  
Талмас қанат, таусылмас шабыт тілеп  
Тұсау кескен сол бір күн шығар ма естен?

Өміріңді нұрлы да бақытты еткен,  
Қадамыңа шаң жұқпас жақұт сепкен.  
Қаз-қазтұрған алғашқы аяқ басып,  
Тұсау кескен сол бір күн шығар ма естен?

## ЖАУАП ІЗДЕП КЕЛЕМ МЕН

Дүрмегі көп өмірде,  
Таңдай кеуіп кезерген.  
Сан сауал бар көңілде  
Жауап таппай келем мен.  
Аралды да Балқашты,  
Түгел тұрып тонаттық,  
Байлық қайда алғашқы  
Бағаламай жоғалттық.  
Қасіреттің басы ма  
Қасиетті Семей де?  
Ажал шашқан оқ аттық  
Оғаштыққа осылай  
Ойланбастан жол аштық.

Жағдай күтпей, жан бағып,  
Жайлау кездік мал бағып.  
Жақсы сөзге малданып,  
Жас баладай алданып.  
Мәнгүрт бола жаздады-ау  
Онсыз да бұл аз халық.

Қурап кеуіп Аралдар,  
Жараланды жазықтар,  
Мүйізсіз жүр маралдар.  
Желбезексіз балық бар.  
Кінәрат не кінә не  
Кезең келді анықтар.

Көл тартылып, жер қурап,  
Азып кеттіөңір де,  
Құс ұшпайды қиқулап  
Аққу сыңар көлінде.

Тарихтың таңбасын  
Сақтап келіп ғасырдан.  
Жат біреулер алмасын  
Мың бөлшектеп тасыңнан.

Ой-өріс тең кеңейіп  
Өскеніңенедейік.  
Күндер өтер, жыл өтер  
Ұлытауда бір кезде  
Тау болған жоқ демейік.  
Ойлап кетсем осылай  
Дір етем де шошынам.  
Құланқуған Жошыдай  
Жол таба алмай жосылам

Басын қосқан үш жүздің  
Ұлытауға келіндер  
Жаңарған бұл өмірде  
Ескі сүрлеу көнерген.  
Сан сұрақ бар көңілде  
Жауап іздеп келем мен.

## Ж Е Ң І С

Ұлы Жеңіс оңайлықпен келмеген,  
Ешкім оны сыйлап бізге бермеген.  
Жеңіс деген сәбилердің күлкісі ол  
Зеңбіректің үнін естіп көрмеген.

Жеңіс деген дара батыр қол бастар,  
Жеңіс деген керзі етікті солдаттар.  
Жеңіс деген майданда өлген жастық шақ,  
Жеңіс деген оралмаған боздақтар.

Жеңіс осы — мамырдағы гүл бағым,  
Жеңіс — орман, таумен дала, қырларым.  
Жеңіс мынау көңілдің мол шуағы,  
Жеңіс осы — жаңа жазған жырларым.

Туған жер деп тұрған жаны елжіреп,  
Жеңіс деген жап-жас жігіт ержүрек.  
Жеңіс деген жер үстінің тірлігі,  
Тірлік туы тұрсын мәңгі желбіреп!

## СОҒЫС ӘЛІ БІТКЕН ЖОҚ

Соғыс бітті дейсін бе сен, сенбеймін,  
Бұл сөзіме сенбе мейлі, сен мейлін.  
Соғыс әлі тоқтайтын да түрі жоқ  
Таудан төмен сарқыраған селдейін.

Жеңіс таңы атқанымен мамырда,  
Ерлік ұран ойнағанмен қанымда.  
Жазылмайтын жара қалды мәңгілік  
Менің мынау жыр — бозторғай жанымда.

Мен соғысты көргем жоқпын, көрмейін,  
Қаңғыған бір ажал — оқтан өлмейін.  
Зеңбіректің гүрсілдеген үнімен  
Зор дауысқа тәтті ұйқымды бөлмейін.

Бірақ, соғыс жүріп жатыр көрінбей,  
Шетсіз, шексіз, шепсіз майдан өзіндей,  
Өр таң сайын әшпақ үміт алқынып,  
Жас жүректер жараланаар өрімдей.

Тірлік өзі тоқтамайтын майдан ба?  
Жау-жоқ деме шыға келер қайдан да.  
Қарабақта жүріп жатыр қан майдан,  
Еркіндікке енді құлаш жайғанда.

Сезе тұрып озбырлық пен қол күшін,  
Тоқтамайды, тоқтамас бұл соғысың.  
Нарық келіп тарықтырды халықты  
Кінәлайсың, айтшы кімді сол үшін?

Кінәлі кім, оған мынау заман ба?  
Заманды әлде мың құбылтқан адам ба?  
Не десең де соғыс әлі біткен жоқ,  
Тылсыз майдан жүріп жатыр санаңда.



# МЕНИҢ ӘКЕМ МАЙДАНГЕР

## Баллада

О, тәйт өлім, тәйт өлім,  
Одан да сен тірілтудің айт емін.  
Барлығыңды сезбей, сезбей о, әке,  
Жоқтығыңды бір-ақ сездім қайтемін!

*(Қ Мырзалшев)*

1961 жыл,  
мектеп залы,  
ардагерлер кешінде,  
Болған бір жәй әлі күнге есімде.  
Тәрде отырды менің әкем майдангер  
Қос ордені жарқыраған төсінде.

Папам осы, жан өзі бір балажан,  
Гүл-гүл жайнап отыр әне манадан.  
Мынау кімнің әкесі деп қызығып  
Қарайтындай маған қазір бар адам.

Шындығым сол, тұрмын рас мақтанып,  
Төбем көкке тиюге де шақ қалып.  
Бала көңіл айтуын біз өтіндік  
Соғыстағы батырлығын ақтарып.

Тұрмын солай мерейленіп өзімше,  
Не дер екен папама сөз берілсе.  
Соғыс жайлы әшейінде айтпай тек  
«Огонь! Алға!» дейтін шаршап көз ілсе.

Сөзге дайын дегендей ол, мен бүгін,  
Түзеп алып кителі мен белдігін.  
Содан кейін бастап кетті әңгіме  
Ардагер жан арқалаған ел жүгін.

— Балам, мұны үйде де сан сұрап ең,  
Соғыс — ойын, ойларсың, сірә, сен.  
Соғыс деген майданда өлген жастық шақ  
Соғыс деген бөлшектенген мына мен.

Білмеулерің соғысты ол кінә емес,  
Ал мен оны ұмытпаспын, сірә, тез.  
Сол соғыста сан досымнан айырылдым,  
Міне, мынау бір аяқ та протез.

Протездің байлап бауын беліме,  
Бір аяқпен ер жеткіздім сені де.  
Майдангерлер сапта болар әрдайым  
Еңбек етіп келем туған еліме.

Соғысқан жоқ атақ үшін, сөз үшін,  
Өзіме аян өз ісім мен өз күшім,  
Әділдіктің туы астында топтасып  
Қасық қанды төктік туған жер үшін.

Майданға мен қырық бірде алындым.  
Он сегізім өтті ішінде жалынның.  
Жау жендетке қарсы тұрдым қаймықпай.  
Шыбын жаным — садақасы арымның.

Болашақты болжай алған біліп кім,  
Он сегізде от оранған жігітпін.  
Тоғыз рет жараланып жан беріп  
Тоғыз рет топқа қайта кіріппін.

Үзілмесін тілек жібің — үмітің,  
Тоғыз рет ажалға мен күліппін.  
Тобығымнан оқ тигендей тоқтамай  
Тоғыз қадам алға қарай жүріппін.

Жарақаттан жазылған жоқ әлі де ел,  
Қан майданға қатысқанның бәрі де ер,  
Мені ажалдан алып қалған сонша рет  
Құдай емес, ол советтік дәрігер.

Жеңіс таңын көрдік рас, арман не,  
Бес жыл қырғын болған да жоқ жалған де.  
Жеңген бізде жазылмаған жара көп  
Жеңілген ел қалды дейсің қай халде.

Жаулап алмақ болған бүкіл әлемді,  
Соның бәрі Гитлердің әлегі.  
Фашизмді талқандаған біздің ел  
Әділдіктің арқа сүйер ер елі.

Желбіретіп қызыл туын жеңістің  
Фашизмнен азат еттік жер үстін.  
Бір Гитлер оқ атқанмен халыққа,  
Бәрі бізге жау болған жоқ немістің.

Оған дәлел: айтайын мен бір жағдай,  
Сол сурет санамда әлі тұрғандай.  
Қырық үштің қаңтарында қақаған  
Сақылдаған сары аязды түн қандай.

Түн еді бір көзден ұйқы қашырар,  
Атар таңға ақ арман көп асығар.  
Алға қарап тұрсам біреу келеді  
Өн бойында қаруы жоқ асынар.

Неміс екен, келді қолын көтеріп,  
(Берілуге қалған кезі төселіп).  
Жақын келіп дауыстады түн жара:  
«Русь гут», — деп алды да бір жөтеліп.

Бұл неміссіз келмейтіндей сәніміз,  
Күле қарап тұрмыз оған әлі біз.  
Ал ол болса таза орыс тілінде:  
— Жеңіс жақын тойлаймыз, — дейді, —  
бәріміз!

Жауыздардың кезі еді сол бас ұрар,  
Адал болса, асықлайық ашылар.  
Деп тұрғанда, командирге ұсынды ол  
Бір пакетті арасында хаты бар.

Жалғyzым-ау,  
Амансың ба, хал қалай,  
Хаттағы әр сөзімнен сыр аңдағай.  
Фашизмнің соғамын деп сойылын  
Жарығым-ау,  
Күнәһар боп қалмағай.

Орыстарда аласымыз жоқ біздің.  
Сөзіне ерме Гитлердей тексіздің.  
Айтшы маған ресейлік кемпірдің  
Қаншасына жазықсыз жас төккіздің.

Шыныңды айт, жасырма сен бірін де,  
Фашизмге ұқсамасын түрің де.  
Маркс туған елде тудың, ұлым-ау,  
Бар ғой сенде ақыл, сана, білім де.

Қалай ғана Гитлерге ересің,  
Қалайша сен Гитлерге сенесің.  
Адам болып келдің мынау өмірге,  
Ар алдында өзің жауап бересің.

Адам бол деп ақ сүт беріп өсіргем,  
Еркелеткем, қатеңді сан кешіргем.  
Адалдықтың арамдықты жеңерін

Жалғызым-ау,  
Біліп жүрсің,  
Білдің сен.

Шынын айтсам, біздің хал де мәз емес,  
Тартқан азап, көрген қорлық аз емес.  
Фашизммен шықты ашық айқасқа  
Вильгельм Пик, жазушы Анна Зегерс.

Саған айтам, ұғын ұлым бажайлап,  
Шығыс жақтан таң атады арайлап.  
Ұғыпмені келсең берік шешімге  
Қасыңдағы досыңа да айт абайлап».

Ет жүрегі елжіреді баланың,  
Ақ тілегін орындауға ананың  
Бар орайлы сәтті тауып осылай  
Бізге қарай басқан екен қадамын.

Ертесіне жау қосыны шегінді,  
Өз еркімен тағы көбі берілді.  
Фашизммен қарсыластар кейінде  
Үлес қосты азаттауға Берлинді.

...Солай балам жеңіс оңай келмеген,  
Бізге оны, сыйлап ешкім бермеген.  
Жеңіс деген — мына отырған өздерің,  
Зеңбіректің үнін естіп көрмеген.

Жеңіс деген — бейбіт күннің шуағы,  
Жеңіс осы жомарт жүрек жыр әні.  
Жеңіс деген — майданда өлген боздақтар  
Ағармастан шаштарының бір талы.

Жауынгерлік жігерім бар бойымда,  
Майдангермін — бейбіт жыр тек ойымда.  
Немереме айтып берем соларды  
Ұлы Жеңіс — салтанатты тойында.

...Бірақ әкем салтанатты көрмеді,  
Немереге әңгіме айтып бермеді.  
Одан қалған үлкен белгі үйдегі  
Қос ордені қатар тұрған төрдегі.

Тірі болса қайтер еді әлі де?  
Айтар еді Жеңіс атты әнін де.  
Немересі атам ғой деп келеді  
Ауылдағы майдангердің бәрін де.

Мен әкемнің айтылмаған сырымын,  
Жүрегінде жаттап кеткен жырымын.  
Жеңіс тойы — менің тойым, достарым,  
Мен өйткені — майдангердің ұлымын.

## ГҮЛ ПАТШАСЫ - ГҮЛЖАҒАН

(поэма)

Жамбыл әсем, көркем қала, жыр — қала,  
Жасыл желек, бау-бақшалы, гүл қала  
Жұма күні көк базардың төрінде  
Сатып тұрды гүлдерін бір қыз бала.

Сұлулыққа шырмалғандай шарасыз  
Амалсыздан гүлге қарай барасыз  
Гүл сатушы қыз күлімдеп сұрайды:  
— Аға, кәне, қайсы гүлден аласыз?

Гүл алыңыз ұялмаңыз, сұраңыз,  
Адамдарға шаттық сыйлап тұрамыз.  
Дедім сонда: «бәрін сатып алар ем,  
Айтып берсең гүл туралы бір аңыз».

— Рас па, ағасы, деді сұлу күлімдеп  
Гүл жайында айтатұғын сырым көп.  
Гүл күтуші Қыздарбектің қызымын,  
Атымды ағам қойған екен Шырын деп.

Туды — бітті бұл қалада тұрамыз,  
Гүл өсіру ежелгі ата мұрамыз.  
Бұл Жамбылда — ертедегі Таразда  
Гүл туралы бар ежелден бір аңыз.

Бұл қаланы атапты онда Тараз деп,  
Кімайтады бұл қазақта мал аз деп.  
Хан базарда гүл сатыпты Гүлжаһан  
Елден асқан әкесі ұста Оразбек.

Сом темірді ол саз балшықтай илеген,  
Түйін түйген сынық темір түймеден,  
Зергер ұста тік ұстаған кеудесін,  
Әкімдердің алдына бас иеген.

Бар ермегі ертелі-кеш көрігі,  
Жалғыз қызы нұр Гүлжаһан серігі.  
Бар байлығы — бау-бақшасы, гүлзары,  
Алма ағашы, тоғыз түрлі өрігі.

Азанменен ерте күнде тұрады,  
Намаздан соң көрігін кеп құрады.  
Тағы бір іс қолына алып жаңадан  
Сом балғаны солқылдатып ұрады.

Таңдар солай нұрлы еңбекпен атады,  
Айлар өтіп, жылдар жылжып жатады,  
Гүлдей сұлу нұр сипатты Гүлжаһан  
Күнде гүлді базарға әкеп сатады.

Себет толы хош иісті гүлі бар,  
Хор кызындай Гүлжаһанның түрі бар.  
Барша жанды сүйсіндіріп баурайтын  
Таңғы шықтай оның мөлдір үні бар.

Тұрмайды ол түске дейін сарылып,  
Гүлін алып жатады ел жабылып.  
Гүд сататын орны да оның бір бөлек  
Гүл-аруға қалған бәрі табынып.

Пандығы бар, кербездігі бар және  
Назар салып қарамайды әрнеге.  
Гүлін сатып болғаннан соң гүл жайнап  
Базар төрін жарып өтер сән бере.

Гүл — арудың аты елге тараған,  
Гүлге де ынтық, қызға да ынтық бар адам,  
Ыстық лебіз естіп жүрді Гүлжаһан  
Бай-төреден, қожадан да қарадан.



Бірақ, оның біріне тіл қатпаған,  
Майда тілге еріменгі мақтаған.  
Гүл шоқтарын заматта тез сатқанмен  
Абыройын, ақыл-ойын сатпаған.

Кыздың даңқы шаһар асып кетеді,  
Аңда жүрген ханға барып жетеді.  
Сұлу кызға құмар болды хан ұлы  
Қызыл-жасылгүлге оранған етегі.

Ханның ұлы ерке өскен Жаһанбек,  
Бір сұлуға кездесемін қашан деп.  
Жүргенінде естіп кеп сөз салады:  
— Зергер қызы сенсің бе, Гүлжаһан, — деп

Киген киімі алтын зерге малынған,  
Саусағына таққан жүзік лағылдан.  
Ханның ұлы ерке ескен Жаһанбек  
Гүлжаһанға «Бір тіл қат», — деп жалынған.

Қызүндемей маңғазданып тұрады,  
Хан ұлының арта түскен құмары.  
Қалтасынанбір дорба алтын шығарып;  
— Бар гүліңе жете ме? — деп сұрады.

Базар халқы түрік болар құлағы,  
Хан ұлының қызық мынау сұрағы.  
Бір дорба алтын адамның бар ғұмыры,  
Бір себет гүл бір-ақ дәрһам тұрады.

Гүлге ұмтылған елестетіп араны,  
Халық солай гу-гу етіп қалады.  
Гүл мәпелеп тұрған бірақ сұлудың  
Жаһанбекке бұрылмады жанары.

Хан сардары, көмекшісі Бұрындақ,  
Бір орнында тұра алмады жыбырлап,  
Алтын дорба тұрған қолға жабысып  
Жаһанбекке айтты бір сөз сыбырлап:

— Асыл текті әруақ қонған баласыз,  
Десте гүлді алып қайда барасыз.  
Бір дорба алтын білесіз ғой бағасын,  
Гүлге қоса қызды сатып аласыз.

Жігіт ыза, өтпей қойды алтыны,  
Су сепкендей басылды тез қарқыны,  
Періште де мойнын бұрған деуші еді,  
Адамға әсер етпей ме алтын жарқылы.

Тыңдамады Бұрындақтың сөзін де.  
— Өз билігім, — деді Сардар, — өзімде.  
Атақ-даңқым айтшы кімнен кем менің  
Қыз алдында тосылатын кезім бе?

Берілмейін десем де еркін сезімге  
Тағат таппай тұрмын мынау төзімге.  
Алтын басым иілгенде алдына  
Абыройсыз қалатын бұл кезім бе?

— Гүл сатушы — ей, Гүлжаһан, аруым,  
Тұлпар туар тұнықты шын тануым.  
Сындырма сен, сындырма сен сағымды  
Сөз таусылса күш алады қаруым,  
Алтынды ал да бер гүлінді, аруым.

Үнсіз қалай тұра берсін қашанғы,  
— Жарайды, — деп қыз сонда тіл қатады.  
Ханзаданың қолындағы алтынға  
Себет толы қызғалдақты сатады.

Алтынды алып қыз үйіне кетеді,  
Гүл көтеріп ертең тағы жетеді.  
Ханзада тұр бір дорба алтын қолында  
Қайталанды сол бір жағдай кешегі.

Соныменен үш күн солай өтеді,  
Гүл саудсы ханға барып жетеді.  
Хан тағынан үш отырып, үш тұрды  
Жеткеннен соң елдің пыш-пыш өсегі.

Заматында-ақ сол күн түс ауғасын,  
Хан қарайды ұлының бұл саудасын.  
— Оразбектің гүл сататын қу қызы,  
Айналдырды, — дейді ұлымның сау басын.

Жасауылдар ұстаса тез барыңдар,  
Гүл өсірген орнын тауып алыңдар,  
Хан базарда гүл сатпасын екінші,  
Шаңырағын, үй-орманын шабыңдар.

Сөйтіп одан алтын құнын алыңдар,  
Ат артына Гүлжаһанды салыңдар.  
Оразбектің өзін мұнда әкеліп  
Тар қапасты тас зынданға жабыңдар.

Хан әмірі екі болып көрген бе?  
Мезгіл жетпей бірақ шырақ сөнген бе?  
Ер Жаһанбек хан ордада жоқ екен  
Гүлжаһанды атқа өңгеріп келгенде.

Гүлжаһанның білмейді ол хабарын,  
Бұл Тараздың шарлайды бар базарын.  
Төрт күн іздеп отырғанда шалдығып  
Бір қыңыр таз айтты қайдан табарын:

— О, Ханзада, неге отырсың торығып,  
Бір қырсыққа қалдың ба әлде жолығып?  
Гүлжаһанды іздеп жүрсең шынымен  
Мен айтайын оның табар жолын ұқ.

Хан әкеміз қызды ордаға алдырған,  
Қызәкесін тас зынданға салдырған.  
Гүлжаһанға ғашық болсаң шынымен,  
Ер Жаһанбек, хан сарайға бар жылдам.

Таздан естіп қыз хабарын біледі,  
Көңіл — дөнен, тулап кетті жүрегі,  
Құйындатып шыға шауып базардан  
Аттың басын ордаға әкеп тіреді.

Хан сарайы көрікті де көркем тым,  
Салтанатын жырмен айтып берген кім.  
Жасауылдар қатар-қатар сап түзеп  
Бір-біріне білдіреді: — «Келген кім?»

— Хан, алдияр, келіп тұрған ханзада,  
— Болмай ма оған алтынға гүл алмаса  
— Гүл дейсіз-ау, тақсыр, ханым алдияр,  
Шашыла ма қызға ғашық болмаса.

— Тәйт, кәнекей, айтасыңдар сендер де,  
Менің теңім сонда ұста зергер ме?  
Гүл сататын қызды алғанда базардан  
Қай бетіммен теңесемін өзге елге.

Шам мен Мышан, Түрік ненен Парсыға,  
Елші неге жібермеймін жаушыға,  
Гүл сататын қызды алғанда базардан  
Қандай үлгі калдырамын артыма?

Гүлге құмар болғанынша алқызыл,  
Ойламай ма әке даңқын жалғыз ұл?  
Есек жемес шөпті сатып алды деп  
Өсек қылып жатыр кала халқы бұл.

— Дат, алдияр, айтқан рас сөзіңіз,  
Зергер ұста емес сіздің теңіңіз.  
Ойлағаны басқа шығар баланың  
Ханзаданын өзін тыңдап көріңіз.

— Бір беткей ғой Ханзаданың қайтпайтын,  
— Мінезі тік бізге жөнін айтпайтын.  
— Не болса да өзін тыңдап көріңіз,  
— Сізден басқа ешкім оған батпайтын.

Уәзірлер ханды солай қайраған,  
Хан қаһарлы қаны қызып қайнаған.  
Жаһанбекті шақырып ап алдына,  
— Жағдайыңды айтшы, — деді, ал балам.

— Дат, алдияр, ел билеген ханымыз,  
Жолыңызға құрбан шыбын жанымыз.  
Зергер менен қызда ешқандай жазық жоқ,  
Мінеки, бас — бұл сөзіме наныңыз.

Обалына екеуінің қалмаңыз,  
Бұл жалғанда жамандыққа бармаңыз,  
Жазығы жоқ ғаріптерді, жан әке,  
Жан түршігер тар қапаска салмаңыз.

Ханзадамын, — демен көптің бірімін,  
Ханзадамын, — демен сізден ірімін.  
Гүл сипатты сұлу қызға ғашықпын,  
Қасиетін көрдім көзбен гүлімнің.

Сол-ақ екен, хан ашуға басады,  
Гүлді әкел, — деп ұлға әмір жасады.  
О, ғажап-ай, себет толы гүл шоғы  
Хан сарайға хош иісін шашады.

Атқан таңдай ажарланып арайы,  
Нұр күлімдеп сала берді талайы,  
Сұп-сұр болып тұрған ханның сол сәтте  
Дүр жұмаққа айналғандай сарайы.

Хан күлімдеп сала берді өзі де,  
Манағыдай емес түсі, өңі де,  
— Мына гүлде сиқыр бар ғой бойды алар  
Гүл өсірген көрсет қызды көзіме.

Ханның сөзі екі болып көрген бе?  
Ханға біреу «жоқ» деп қарсы келген бе?  
О, ғажап-ау, гүлдер тіпті құлпырсын,  
Хан сарайға қыз Гүлжаһан енгенде.

Жебе кірпік, шоқ жанардан жай үшкан,  
Қос бұрымы тірсек қағып қайысқан,  
Қалайы қасық, қаз омырау, үйрек төс,  
Құмырсқа бел сәмбі талдай майысқан.

Шәйі жібек жерді сызып етегі,  
Хан алдына қыз Гүлжаһан жетеді.  
Сол кездегі сәлем беру салтымен  
Үш иіліп ханға тағзым етеді.

Қыз сұлу-ақ аспанда ай, күннен де,  
Қыз сұлу-ақ мың құлпырған гүлден де,  
Сұлулыққа басын иіп қалғандай,  
Хан сарайы тына қалды бір демде.

Естілгендей болды шыбын ызыңы,  
Хан сарайдың жоқ қой бірақ шыбыны.  
Гүлжаһан қыз бойын тіктеп караса  
Хан күлімдеп отыр екен қызыға.

Білмейтіндей ашу-айбар бірін де,  
Жылылық бар ханның мынау түрінде.  
— Гүл сипатты гүлдей ару сұлу қыз,  
Не сиқыр бар сенің мынау гүлінде?

Маңайына шашқан жұпар шашуды,  
Бұл гүлдерің басады екен ашуды,  
Айт, қысылмай өзің жайлы, гүл жайлы,  
Текойлама сыр жасырып қашуды.

— Хан алдияр! Жақсылардың алды кең,  
Мен әкемнің жар дегенде жалғызы ем.  
Тар қапаста әкем жатыр зарығып,  
Сол әкемді алдыр мұнда алдымен.

Таныстыру керек болса өзімді,  
Хақ алдияр, тыңда енді сөзімді.  
Әрбір гүлдің жеті түрлі сыры бар  
Баурап алар жүрегіңді, сезімді.

Гүл атаулы топырақта өседі,  
Ал, топырақ адамдар ғой кешегі.  
Адамдардың жүрегінен нәр алған  
Қызғалдақты жүрек гүлі деседі.

Ынтықтырғанне бір дүлдүл, дүлейді,  
Раушан гүлі жанға бақыт тілейді.  
Жамандықтан бойың аулақ жүреді,  
Бұл арқылы жан сарайың түлейді.

Асау жүрек арындар да бұлқынар,  
Теңіз толқып жағалауға ұмтылар.  
Ал мына гүл қасиеті тым бөлек,  
Бұрыс байлық, мұнда достық кілті бар.

Сары гүлде сағыныштың сазы бар,  
Ал, мынада махаббаттын назы бар.  
Мына бірін әкеп қойсаң қасыңа  
Сарытап болып жатқан ауру жазылар.

Гүл туралы айта берсем әлі де,  
Бұл гүлдерден жасалар бәрі, дәрі де.  
Мына бір гүл қайрат-қуат күш берер  
Жасы жетіп қаусап жатқан кәріге.

Гүлдің сырын гүл өсірген біледі,  
Бұл гүлдер де мөлшерлі өмір сүреді.  
Қайғысы бар, қуанышы, мұңы бар,  
Адамдармен бірге гүлдің тілегі.

Раушан гүл — гүл патшасы дер едім,  
Қалампыр гүл берер пейіш дерегін.  
Гүл кешегі адамдардың жүрегі,  
Жүректерді мәпелеумен келемін.

Ханзаданың алмағанда алтынын,  
Біліп едім боларын бұл арты мұң.  
Үш дорба алтын мені салды зынданға  
— Міне, алтының, ал, Ханзада жарқыным.

Хақ алдияр, босат менің әкемді,  
Елден кусаң кеземіз ғой жат елді.  
Туған жердің топырағы саф алтын,  
Егер менің кешер болса катемді.

— Жоқ, қарағым, кезбейсің сен жат елді,  
Кешір қайта менің білмес қатемді.  
Сый-сияпат тарту беріп қайтарам  
Өз үйіңе өзінді де әкеңді.

Қаншама жыл мен хан болдым десем де,  
Өзімді-өзім тек санаппын көсемге,  
Сен болмасаң, айналайын, гүл-ару,  
Гүлдің сырын білмей, бәлкім, өтем бе?



Қасиетін көрдім көзбен гүліңнің,  
Шегіболмас үйренгенге білімнің,  
Өзім тұрмақ, өзгелерге сабақ бұл  
Өрескелдеу әбестігім бүгінгім.

Гүл патшасы деуге лайық атың бар,  
Хан ұлына тең келетін басың бар.  
«Қолға тұрса қой асығын сақа тұт»  
Деген мына халқыңда бір нақыл бар.

Енді зергер сөйлесейін сенімен,  
Хақ жаратқан хас шебердің өзі ме ең?  
Қыл арқанды салдым саған байқамай  
Гөй-гөй құмар өсекшінің сөзімен.

Үй орманың хан сарайдай салынар,  
Босағасы алтын зерге малынар.  
Аққуыңа көзі түсті қыранның,  
Ей, Оразбек, бұл тілекті қабыл ал!

Ер Оразбек ешкімге бас имеген,  
Жалпақтауды жаны әсте сүймеген.  
— Құда түссең өз үйім бар, ей тақсыр,  
Деп сол жерде ханды сөзбен түйреген.

Өкіміңбе, жоқ әлде бұл мазағың,  
Бас кессе де тіл кеспеген қазағым,  
Керек болса менің мынау басымды ал,  
Мен қашпаймын қай түрінен жазаның.

Қаһарыңмен ойлама сұс басам деп,  
Жалғыз ұлың білем аты Жаһанбек.  
Хан мен қара тәңіріме бірдей ме,  
Мен баламды атағам Гүл — Жаһан, — деп.

Жеті атадан гүл өсіріп келеміз,  
Еңбек сүйгіш еліменен ер егіз  
Гүлжаһан мен Жаһанбек тіл табысса  
Хан мен қара оларға біз не дерміз.

Ханзада да істің жәйін түсінді,  
Кешір, — деді, — Гүлжаһан бұл ісімді.  
Ынтық болыпөзіңеде, гүліңе,  
Көрсеткенім ұят болды күшімді.

Жан екенсің зерделі де білімді,  
Ойлап сені жаным жүдеп үгледі,  
Аялаумен өтер ем бар ғұмырда  
Өзіңді де, сен өсірген гүліңді.

Атан түйе тартпас деуші ем жүгімді,  
Мен шаттыққа қарыздармын бүгінгі.  
Махаббаттың назы деп біл, Гүлжаһан,  
Қабыл алшы менің мынау гүлімді.

Қыз Гүлжаһан Жаһанбекке қарады,  
Жанары оттай жүректі өртеп барады,  
Елжіреген ер жігіттің қолынан  
Сұлу сонда гүлді еппен алады.

Қандай нәзік махаббаттың наз-әні,  
Екі жастың гүл құлпырды ажары.  
Қыз-жігітке ауа қапты сол сәтте  
Хан сарайда тұрғандардың назары.

Тыныштықтан қалғандай тіл байланып,  
Соңын күтіп тұрғандай ма жәй халық.  
Сұқ саусағын сәл жоғары көтеріп  
Хан орнынан тұра берді жайланып:

— Ей, халайық, жарлығымды тыңдаңдар,  
Көше сайын жайнап өссін гүлзарлар,  
Гүл — қасиет, гүл — өткендер өмірі,  
Ақын біткен гүлді мақтап жырлаңдар.

Бар қалада гүл базары ашылсын,  
Дүниеге жұпар иіс шашылсын.  
Гүл байқауы болып тұрсын әр жылда  
Шын шеберлер салтанатын асырсын.

Ал, Гүлжаһан, айналайын, қарағым,  
Таудай екен, өрлей берсін талабың.  
Келешекке үлгі болсын өнегең,  
Гүлге толтыр туған Тараз танабын.

Айналайын, әз Гүлжаһан, қарағым,  
Бөтен емес сені өзіме санадым.  
Жалғыз ұлың Жаһанбекті қасыңа ап,  
Гүлдендірші мынау Тараз алабын.

Хан жарлығы деме мұны, тілегім,  
Екеуіңмен бірге жаным, жүрегім.  
Ал, Оразбек, саған да бір өтініш  
Гүлшілердің алтыннан соқ күрегін.

Хан жарлығы сол күні елге тараған,  
Орындапты ол жарлықты бар адам.  
Содан бері әр аулада гүлзар бар  
Мирас болып қалған ата-бабадан.

Көне Тараз аузына әлем қараған,  
Дүниеге даңқы гүлмен тараған,  
Бақыт тілеп аялаған адамға  
Бал шырынын қызғанбаған арадан.

Адам — өмір, тіршілікпен гүл егіз,  
Гүл өсіріп күндей күліп жүреміз.  
Махаббат пен сұлулыққа жол салған  
Гүл патшасы — Гүлжаһан деп білеміз.

Аңыз да бұл, бәлкім шындық наныңыз,  
Гүл ұсынсаң гүл — гүл жайнар жарыңыз,  
Гүл туралы айтып бердім мен, міне,  
Аға, кәне бір гүл сатып алыңыз.

Жанарынан шоқ ұшқандай дірілдеп,  
— Гүл алыңыз, — дейді Шырын күлімдеп.  
Жүрегімде жыр толқыны тулап тұр.  
— Сен Шырынның сатып ал бар гүлін, — деп.

Бақыт нұрға бөленсін бар маңайым,  
Айналайын, бер гүліңді, алайын.  
Жаһанбектей алтыным жоқ әйтсе де,  
Мен өзіңді Гүлжаһанға балайын.


Шырын гүлді ұсынғанда назданып,  
Гүлжаһанның өзі дерсің қаз қалып,  
Құшақ гүлді қолыма алып мен тұрмын  
Төбем көкке тиюге сәл аз қалып.

Гүл өсетін жерім үшін мақтанам,  
Гүл өсірген елімнен мен бақ табам,  
Көңілімдетұрғанізгі тілекті  
Гүлдей нәзік жырымменен ақтарам

Бейбіт елдің биіктеткен мерейін,  
Гүлжаһанды гүл-патшаға теңейін.  
Ұрпағынаөлмес мұра қалдырған  
Гүлжаһанға гүл-ескерткіш берейін.

Бас имеген байлығы үшін алтынға  
Көз салмаған жанар алдар жарқылға,  
Қыз Гүлжаһан — гүл патшасы екен-ау  
Өшпейтіндейіз калдырған артында.

Хан сарайдың бас идірген тахытын,  
Достық гүлі — махаббатым, бақытым  
Гүл өсірген халқым барда мен бармын  
Гүлсолмасын, тоқтамасын уақытым!



# ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

## Нұрлы сезім моншақтары



## БАТТАЛҒА НАЗ!

Көз көрген кішкентайдан  
Баттал едің  
Әр жерде атынды айтып  
мақтап едім  
Кезінде «Өндірісте» жүргенінде  
Соңына түскендерді жасқап едім

Бүгінде өмір мынау күйіп кетті,  
Тенгені тиын қуып биіктетті,  
Ақының көген алмай, өлең алған  
Жырларын дәулеттіге қиып кетт.

Өмірдің төзе жүріп азабына  
Көнбеген жымысқының мазағына  
От ауыз, орақ тілді, бұл ақының  
Бүгінде қарап қалды қазанына.

Өмірдің тағы бір сый табағыма  
Соғым жоқ жанға батты жаза мына  
Баттал-ау, сенен көмек болмаса бір  
Қаланың күйіп кетті базары да.

Жек көрсең осы керек бәлем дерсің  
Жақсы көрсең бір іспен дәлелдерсің.  
Ауылға келген ақын ат мінітін,  
Ескерсең оны да бір кәдем дерсің.

Өзін біл киынға сап кинайсың ба?  
Жоқ әлде ақыным деп сыйлайсың ба?  
Жақсынын қарағаны — сұрағаны  
Бір төлді қасқыр жейтін қимайсың ба?

## ТАНЫС, БАЛАМ, СӘКЕНМЕН

Кере карыс, кен маңдай, кияк мұртты,  
Сұлу мүсін таңдантқан калың жұртты.  
Өкеліп ем үйге сол портретті,  
— Бұл кім, папа?— деп алдан балам шықты.

Сұрағына баламның таңданбадым,  
Дедім оған: — бұл өшіп жанған бағым.  
Қаншамажыл Сәкеннің сұлу жүзін  
Бір көруді, балам-ау, армандадым.

Ғасыр жүгі заманнан қалыспаған,  
Дауылпаз үн жасымнан таныс маған.  
Қыран құстай қияға қанат қаққан  
Сұлу сырлы Сәкенмен таныс, балам.

Таныс, балам, Сәкенмен — дауылпазбен,  
Таныс, балам, сырлы әуен сұлу сазбен.  
Дара туған ол дағы сен сияқты,  
Бірақ сені көрген жоқ әттең-әттең!

Көрмесе де көргендей болып кетті,  
Бүгінгіні сол кезде-ақ шолып кетті.  
Қара құстан, құзғыннан, қарақшыдан  
Қалыңелін, қазағын қорып кетті.

Сәкен деген қазақтың қазақтығы,  
Сәкен деген — қазақтың азаттығы.  
Елдің камын жеген ер жазықсыздан  
Көремін деп ойлап па еді абақтыны.

Жо-жоқ, балам, жоқ, балам, ойлаған жоқ,  
Шоқпар ұстап шоқпенен ойнаған жоқ.  
Сәкен халық жауы дегенге кім сенеді,  
Тұла бойда тулайды қайнаған кек.



Дар алдында ол жалаға күйем деді,  
Мен елімді бәрібір сүйем деді.  
Солай, балам, ел үшін отқа күйген  
Сәкен атаң еліңнің тіреуі еді.

Солай, балам, бұл Сәкен әкең сенің,  
Портретті мен саған әкелгенмін.  
Әруағына ақынның басымды иіп,  
Сен туғанда атыңды Сәкен дедім.

Таныссаң сен Сәкенмен, дауылпазбен,  
Танысқаның сырлы әуен сұлу сазбен.  
Суретіне қалың ел бас иеді,  
Өзін тірі көрер ме ең әттең, әттең!

### **ТЫҢДА, ҰЛЫМ, СЕН МЕНІ**

Тыңда, балам, сен мына, түсін мені,  
Түсінбейтін бұл әкең кісің бе еді.  
Жабырқаған кезімде сәуле шашқан  
Алтына айдар сен бе едің түсімдегі.

Түсін, балам, сен мені, түсін мені,  
Ақтарайын сырымды ішімдегі,  
Жалғыз өскен жалбыздай жан едім ғой  
Сен туғанда жыртығым бүтінделді.

Мансап қуып бұл әкең ісінбеді,  
Саған арнап жырларын мүсіндеді.  
Сені өсіріп қатарға қосамын деп  
Жанын бағып және де күтінбеді.

Екі қолға бір жұмыс таңдамадым,  
Өзің болдың бар жерде салған әнім,  
Өмірімді өзің деп түсінемін.  
Сен арқылы ертеңге жалғанамын.

Жасырын жоқ жанымды жайып тұрмын,  
Қалыңойдан қажысам айықтырдың.  
Менен артық азамат бола алмасаң  
Өмір емес оған мен айыптымын.

Өзімді өзім асырып мақтанбаймын,  
Жықпылы көп қат-қабат шатқалдаймын.  
Жарқын жүрек жаюлы ақ дастархан  
Сенгіш көңіл сезімтал, ақ таңдаймын.

Бір адамды былай деп бөлгенім жоқ,  
Бөлектенбей келемін өлгенім жоқ.  
Ала қойды мың бөліп қырқып жүрген  
Жанның жақсы болғанын көргенім жоқ.

Саған да айтам: жақсының жаттығы жоқ,  
Жарқылдаған жүректің шаттығы көп.  
Елдің ісі қашанда ердің ісі,  
Жүр елімнің жалаулы жастығы боп.

Түсін, балам, сен мына түсін мені,  
Қызық емес өмірдің ішіп-жемі.  
Өмірдегі бар қызық қызу еңбек  
Құшағына тартатын ертең сені.

## АТАМ ҚАЗАҚ ШЕРТКЕН СЫР

Шабытына жігер беріп көктен нұр,  
Шымырланса төгетін бір өктем жыр.  
Қара қазақ көзбен барлап жер үстін  
Жер астынан шежіредей шерткен сыр.

Өмір — толқын, бала көңіл көктем бір,  
Сар далаға өспепті алғаш көктеп гүл.  
Бұлдалаңызай тақыр боп жатыпты  
Ұлытауданаққанша осы қос Кеңгір.

Қаракенгір, Сарыкенгір, қос Кенгір,  
Су тиген жер болыпты әсте көк теңбіл.  
Содан кейін қаптап шығып қызғалдақ  
Су тиген тас болған екен көк темір.

Қара темір, сары темір, ақ темір,  
Қара көмір, қоңыр көмір, тас көмір.  
Қос кеңгірдің нәріменен бусанып  
Сары далаға кірді сөйтіп басты өмір.

Кеңгір бойын құлан жортып шарлаған,  
Көк жүзінде бала қыран самғаған.  
Кең даланың кең дария қоймасын  
Қиялымен қара қазақ барлаған.

Армандауға асылы адам тоймаған,  
Келешегін керемет деп ойлаған.  
Жомарт жердің айтылмаған сырына,  
Жүрегінің жылуымен бойлаған.

Қалқан ұстап қылыш сілтеп жауына,  
Мән берген ел ер мен жесір дауына.  
Кең далаға қос Кеңгірді сыйлаған,  
Бас иеді қазақ Ұлытауына.

Заңғар шыңы қанат жайған алып құс,  
Тау тұлғасы қандай көркем лағыл түс.  
Қос Кенгірдің бұрымына оралып  
Жарқырайды алтын гауһар жаһұт мыс.

Көңілімде жүруші еді көптен бір,  
Көктемдегі көгала үйрек көшкен жыр.  
Ұлытаудың бүгінгі аты Жезқазған,  
Атам қазақ солай маған шерткен сыр.

## ЖЕЗҚАЗҒАН

Жезқазған —  
Жер ұйығы жұмыр жердің,  
Жезқазған —  
құт мекені кеншілердің.  
Осында  
қалам ұстап хат таныдым,  
Осында  
Еңбегімнің гүлін тердім.  
Жезқазған —  
жыр бастауы ертеңтердің,  
Сымбатын  
сұлудаң да көркем дермін.  
Атағы  
алты әлемге түгел жеткен.  
Сары алтын  
сары мысты өлкем менің.  
Осында, Қаныш аға  
Қаныш аға кен іздеді.  
Кенкөзі,  
таусылмайтын теңіз бе еді.  
Болжаған  
Бүгінгіні, ертеңімді  
Көңілде  
жатталып тұр егіз лебі.  
Атыңа  
Кіртүсірмей келмей нұқсан.  
Қысылмай  
Еркін өткен талай тұстан.  
Жезқазған —  
Қаныш — аты егіз ұғым,  
Тамсанам,  
Нұр жүзіне арай құшқан,

## ТАУДЫҢ ҰЛЫ

Таудың сырын,  
тауда туған біледі,  
Тау суындай,  
тынық болар тілегі.  
Таулықтарға  
таң қаласың таңданып,  
Таудай талап,  
тастай берік түлегі.  
Таңда туған  
таулықтарды таниды,  
Тарыққанда  
тасқа жігер жаниды,  
Тау суымен  
Гүлзарларын суарып  
Тау тасымен  
Өрнектейді әр үйді.  
Таулықтарға  
Ортақ және қасиет  
Жыр төгілтсе  
Адам тұрмақ тас иер.  
Ақын таудың  
Батыр таудың  
Ұлдары  
Таланттыға  
Құрмет етіп бас иер.  
Таулықтарды  
Тауда туған біледі,  
Таулықтардың  
Ұқсасмінез түр, өңі  
Тау ұланы  
жалтақтауды білмейді  
Таулықтардың  
оттай ыстық жүрегі.

## ДАЛААРУЫ

Алға тартқан «Волга» қандай арынды,  
Тынысы кең шабысы да шалымды.  
Жүйткітеді қатқыл табан жолменен  
Толқындатып тұла бойда қаныңды.

Жүйткітеді «Волга» жазық жолменен,  
Жарысады көңіл жүйрік көк дөнен.  
Таудан ескен қоңыр салқын саумал жел.  
Қыз жүректі әлдилеп бір тербеген.

Дала әуені таусылмайды, тынбайды,  
Қалықтайды, шарықтап қол бұлғайды.  
Әсем сазды әлдилеген аспанда  
Дала қызы тамашалап тыңдайды.

Тыңдайды ол дала әуенін төгілген  
Жел емес-ау, күй ескендей өңірден.  
Сылқым сазды сезімді еркін билеген  
Жыр күйылып тұрғандай ма көгіңнен.

Орман, тоғай, тұтас дала ән салып,  
Тұрғандай бір құшақ жая қарсы алып,  
Бақыт тілеп, бейбіт тілеп баршаға  
Ұлытау тұр бар әлемге жар салып.

Нұрлы күннің шұғылалы шырайы,  
Қандай ғажап табиғаттың бұл айы  
Дала деген шексіз шетсіз сахна.  
Ән төгілтіп тұрады екен ұдайы.

Көзтоймайды-ау сұлулыққа қалай да,  
Жарқырайды тегене көл шар айна.  
Күміс моншақ жылт-жылт етіп әр беріп  
Сәуле шашып жатқандай ма маңайға.

Жыр тұнып тұр қай жағыңа қарасаң.  
Тауыспассың бар қызықты санасаң.  
Табиғатты тамашалап ерке қыз  
Кележатыр ойға батып манадан.

## ӨТКЕНІМ ТАРИХ

Өткенім тарих,  
алдың нұр,  
бәрін де бүгін білемін.  
Көшпенен бірге күлімдеп,  
көшпенен бірге жүремін.  
Көршіге қарап,  
көп жылдар,  
айырылған тілден, ділінен,  
Мәңгірттеу қазақ бірі едім.

Аса алмай алға,  
адымдап, тоқтап  
тоқырап тұр едім.  
Мамырмен бірге,  
кұлпырып,  
көгеріп қайта түледім.  
Көпкөрген қоқан-лоққыны  
Қорқақтау қазақ бірі едім.

Өткенім тарих  
алдым нұр,  
бәрін де бәрін білемін.  
Ақтандақ болған  
шақтарға,  
сыздайды енді жүрегім.  
Алаулы күнді  
көп аңсап  
азаттық алған ақыры,  
Аңқылдақ қазақ бірі едім.

Шын айтам  
шымыр шындалған,  
Таудан да берік төзімім.  
Елі мен жерін  
қастерлеп,  
бас иген қарттың көзімін.  
Өмірді күрес —  
депбілген  
Мен нағыз қазақ өзімін!

## БІР ТҮЙІР ДӘН

Бір түйір дән баға жетпес әрине,  
Тоқтық сыйлап келіп тұрсын әр үйге.  
Жүрегіме шумақ жырды құйдың да  
Өзек болдың әуелеген ән-күйге.

Бір түйір дән — баға жетпес байлығым,  
Өзің барда келмес маған қайғы-мұң.  
Бейбіт күннің сақшысы да өзіңсің  
Бір түйір дән — мақтанышым айбыным.

Диқан жігіт дән-өсірген майталман,  
Маңдай термен өскен егін жайқалған,  
Диқан жомарт — жомарт дарқан әйтсе де,  
Туған жерім — ер еңбегін қайтарған.

Көз алдымда диқан жігіт нар тұлғаң,  
Ер еңбегің елге сый боп тартылған.  
Қырман толы қызыл бидай күн сүйген,  
Жаңылмадың берген серттен, салтыңнан.

Егінжайдан естіледі шалқып ән,  
Ырыскөзі ыргалып тұр алтын дән.  
Бар байлығын түйір дән деп түсінген,  
Айналайын нан өсірген халқымнан!



## ӨССІН ЕРКІН БАЛАПАН

Жылылықтан сездiрген алақанын,  
Құтты болсын, арайлы, жаңа таңым!  
Мәпелесiн, әлдиiн аямасын,  
Аяласынтуған ел балапанын.

Балапаным ертеңгi қыраным де,  
Бүлдiршiндi жалғасқан жыр әнiм де.  
Еркiн елдiң ертеңi жеткiншектер,  
Құлаш жайған талпынып бұла күнге.

Бұла күннiң қызығын таусылмасын,  
Ұландыелдiң шығады даусы басым,  
Балапандар ертеңгi қыран қанат  
Көрiкберiп сомдайтын тау тұлғасын.

Бұлақ көзi ақ қайнар тартылмасын,  
Ақ көңiлдер шаң қуып алқынбаспын.  
Азат елдiң ертеңгi жеткiншектерi  
Ақ алмастай әрдайым жарқылдасын.

Еркiн елдiң биiкте жұлдыздары,  
Сезбей өссiн жас жүрек мұзды ызғарлы.  
Жарқын күнге қол бастап жол салатын  
Өссiнертең туған ел ұл-қыздары.

Сендерсiңдер көтерер өмiр жүгiн,  
Сендер барда бiз бармыз, көңiлдi Күн  
Көкбайрағын қазақтың көтеретiн  
Бүлдiршiнге бүгiнгi сенiмдiмiн.

Жылылығын сезiнiп алақанның,  
Еркiн өссiн, жетсiн балапаным.  
Жақсылыққа бiр қадам жақындатқан  
Құтты болсын арайлы жаңа таңым!

\*\*\*

Ақ, қара ма, болсын мейлі сары түр,  
Бар баланың іңгәлаған әні бір.  
Күн көзінен қуат алып құлпырар  
Қайелде ол тусадағы бәрібір.

Бала көңіл, алалауды білмейді,  
Үлкендердің бәріне де ол бір дейді.  
Жадыраған қабағында кірбің жоқ,  
Өзі күлсе саған да ол күл дейді.

Бүлдіршіндер — балауса гүл құлпырған,  
Жүрегінде жазылмаған жыр тұнған.  
Болашаққа талпынатын, талпынып  
Ертеңіне еңбектеп ол ұмтылған.

Бүлдіршіндер — тірегі шын тірліктің,  
Бүлдіршіндер — беріктігі бірліктің,  
Бүлдіршіндер — болашақтың сақшысы,  
Зеңгір көкпен мөлдір теңіз, құрлықтың.

### **АРШАТУРАЛЫАҢЫЗ**

Бұл әңгіме, аңыз ба екен, шын ба екен,  
Тау ішінде болыпты үлкен бір мекен.  
Табиғаттың өзі соққан тас сарай  
Әлі күнге сол қалпында тұр ма екен.

Оған бастап апаратын жол да ауыр,  
Жету үшін мезгіл де өтер едәуір.  
Тау үңгірде жалғыз мерген тұрыпты  
Ал жазықта қоныстапты көп ауыл.

Қазақ киял алмайды ғой аспаннан,  
Үзінді де емес бұл бір дастаннан.  
Болғаны да рас дейді тайпалы ел  
Соныменен аңыз былай басталған:

Таудан мерген оралғанда аң атып,  
Шығыс жақтан қалып еді таң да атып.  
Бәйбішесі бәйек боп жүр безектеп,  
— Шаршадың ба, шалым-ау, — деп жаны  
ашып.

— Батыр, бүгін адастың ба жолыңнан,  
Әлде құлан құтылды ма қолыңнан.  
Жүгірген аң, ұшқан құстан әзірге,  
Сау кеткенін естімен едік оғыңнан.

Әлде шаршап, бір түбірде жаттың ба?  
Бұқпантайлап әлде барыс аттың ба?  
Кей күндері үш шарлайтын тауыңнан.  
Осы жолы жол азабын тарттың ба?

Тікежолмен тік қайтқандай тік барып,  
Күндік жерден оралушы ең үш барып.  
Жарқ-жүрк етіп енуші едің үйіңе  
Ал бұл жолы үн қатпайсың тіс жарып.

Пығынан шитісін ап ілді де,  
Шаршағанын жаңа ғана білді ме?  
— Ух! — деп демін тереңнен ап тыныстап,  
Сөз бастады, — дегі — бәйбіше білдің бе?

— Әй, бәйбіше, сен ештеңе білдің бе?  
Ғасыр ғұмыр сүргендеймін бір күнде.  
Өз-өзіме есеп бердім мен бүгін  
Түні бойы тау ішінде жүргенде.

Құмар едім шың басында шынарға,  
Шынға шықпай шіркін көңіл тынар ма?  
Жұрттың бәрі шыға берсе құзарға  
Қанағат де шүкір, шүкір бұған да.

Астамшылық кірмесінші көңілге,  
Жолым данғыл болды ма өмір өрінде,  
Байқағаным тозбайды екен бұл көңіл,  
Мүжілгенмен тау да, тас та, темір де.

Тау үстінен тік асушы ем тік барып.  
Қайтушыедім қысқа күнде үш барып.  
Мен жолымнан адасқам жоқ деді де,  
Нар аршалы бесікті өзі түсті алып.

Бесік еді — істелген бұл ертерек,  
Бесік еді — тұнғышы өскен еркелеп.  
Үкітұмар тағып қойып басына  
Шәйі көрпе жабыушы еді кестелеп.

Алғашқы жыл олар тауда тұрғалы,  
Әлі есінде тұнғыш ұлдың туғаны.  
Тұнғыш ұлды бесікке сап бөлеуге  
Шыңға шығып арша таңдап қиғаны.

Томарлысын, кәрілеуін алмаған,  
Ең берігін, көріктісін тандаған.  
Бесікті де өзі иіп жасаған,  
Шебер іздеп шеткі ауылға бармаған.

Содан бері өтті міне қанша жыл,  
О, ғажайып бесік беті жап-жасыл.  
Күні кеше көктеп өскен сияқты.  
Арша ішінде тектісі екен сәмбі асыл.

Бесікті ұстап қолына алып көтеріп,  
Көз жасаурап, кеуде күрк-күрк жөтеліп.  
— Әй, бәйбіше, осы бесік болмаса,  
Қалушы едім шың түбінде кеше өліп.

Қаншама жыл тауды шарлап ақтағам,  
Қол мергенмін рас оған мақтанам.  
«Жазымыштан озымыш жоқ» деген-ау  
Шыңнан төмен тайды кеше тас табан.

Кешкі мезгіл, ымырт кезі болатын,  
Бір арланның шалды көзім жобасын.  
Оқ атуға едәуір жер алыстау  
Көзбен өлшеп біліп тұрмын арасын.

Содан кейін қия жолды таңдадым,  
Есіл-дертім, арланды алу — арманым.  
Ғұмырымда асықпаушы едім дәл бұлай,  
Ал бұл жолы шақырып тұр алда кім?

Еркімнен тыс алға қарай асықтым,  
Бала кезден тау жолына ғашықпын.  
Тауда туған тарлан боздың өзімін,  
Катарында жүрген жоқпын жасықтың.

Шыңнан тіке жоғарыға өрледім,  
Табан жолдан басқа ештеңе көрмедім.  
Талай рет киып өткен жол еді  
Тұңғыш рет қатты шаршап терледім.

Көзіме тер қайта-қайта құйылды,  
Бара бара жылжуым да сұйылды.  
Өүпірім жер енді жетіп қалып ем  
Бір зор дауыс: — тоқтай қал! — деп бұйырды.

Жан-жағымды бақылаймын пенде жоқ,  
Менен басқа тау кезер жан елде жоқ,  
Дауыс қайдан шықты деймін япыр-ау,  
Қадалғандай жүре алсамшы кеудеге оқ.

Сәл қозғалсам дауыстайды жаңағы үн,  
Қанша жатам бас көтеріп қарадым,  
Маңайымда менен басқа пенде жоқ,  
Қорыққанға қос көрінді — санадым.

Содан кейін тіке тұрып мықталып,  
Тасқа табан тіреп қойып нықталып,  
Арлан жақты оймен шолып өзімше  
Шитіні де ыңғайладым оқ салып

Үйген тастың ық жағынан өттім де,  
Оқшантайды бөлек қойдым шештім де.  
Енді оқтала бергенімде манағы  
Дауыс тағы деді маған — жеттің бе?

Сол дауысқа караймын деп бұрылып,  
Өкшемтайды үшкіл тастан сүрініп,  
Содан кейін шыннан төмен зуладым,  
Шоқ аршаға калғанымша ілініп.

Дара шынды киып өскен арша екен,  
Одан әрман құлама шың жарша екен.  
Шоқ аршаға ілініп қап мен тұрмын  
Шыбын жаным деп тілеймін қалса екен.

Аршаны ұстап тұрмын солай салбырап,  
Әл-дәрмен жоқ, күш таусылды қалжырап,  
Екі қарым талған кезде қарысып,  
Көк жүзіне шықты жұлдыз жамырап.

Қолымталды бітті дәрмен күшім де,  
Әрекет жоқ ендігі бар ісімде,  
Өлдімғой — деп ойлағанша болған жоқ  
Арша маған үн қатты адам тілінде:

— Ей, батырым, ой жүгіртші өткенге,  
Өзісіне мән бере ме көп пенде,  
Тауда туып таста өскен жан едің  
Ерлігің мол жігіт едің от кеуде.

Шыбын жанды тірлік үшін қинадың,  
Тас үңгірге аң терісін жинадың,  
Тұңғышыңа бесік жасау үшін сен,  
Жұбайыңа жас аршаны сыйладың.

Аңғармадың аршадан қан аққанын,  
Үздің қолмен жас аршаның жас жанын.  
Тұңғышыңа бесік жасау үшін де  
Қызығына көз аларттың басқаның.

Тау басында бір топ арша біз едік,  
Содан бері солғын тартып жүдедік.  
Өулиенін көзі түскен арша еді ол  
Бір тәнірден тек жақсылық тіледік.

Тұңғышыңды бөлеп салдың аршаға,  
Арқар атып құлан астың қалжаға.  
Бірақ ұлың алты жастан аспады  
Тәніріңнен сұрағанмен қаншама.

Оның сырын түсінбедің, білмедің,  
Түзу жолмен елдің жүрген жүрмедің,  
Елден бөлек таудың ішін паналап  
Елмен бірге жарқырап бір күлмедің

Өулиенің үнін естіп сүрініп,  
Енді міне тұрсың қолға ілініп.  
Жалғыз жүріп мұратқа ешкім жетпеген  
Көппен болып көпшіліктің тілін ұқ.

Бұл ажалдан шығасың сен құтылып,  
Құтылдым деп кетпе бірақ құтырып,  
Арша бесік тұрған шығар бұр жарып  
Төріңе қой төбеден ал түсіріп.

Аман-есен шыңнан шығып өтерсің,  
Тауды тастап елге қарай көшерсің.  
Арша бесік жап-жасыл боп бұр жарса  
Алла берді мұратыңа жетерсің.

Деді де арша мені тартты өзіне,  
Үн жеткенмен жан көрінбейді көзіме.  
Жолың болсын, ал, үйіңе тарт — деген  
Мен аң-таңмын арша-адамның сөзіне.

Есімде жоқ қалай шықтым өрмелеп,  
Түн шымылдық тұрды тауды перделеп.  
Таң атқанша бүкіл өткен ғұмырды  
Ойыма алып мен отырдым зерделеп.

Деп қол мерген айтты барлық айтарын,  
Құлағымда деді сол бір байтақ үн.  
Арша бесік бүршік жарып түр екен,  
— Бол, теңді бу!—деді елге қайтамын.

Аңыз соны мерген елге қайтуы,  
Үлкендердің елде осылай айтуы,  
Ел ішінде мерген келіп мекендеп,  
Алдынан күн, оң жағынан ай туды.

Тау айтады менде аңыз қанша көп,  
Болған жағдай дейді мұны барша көп.  
Мерген елге келгеннен сон бәйбіше  
Ұлды болып атын қойды Аршабек.



Арша бесік Аршабектің төсегі,  
Елдің пыш-пыш тиылды енді өсегі.  
Ер жеткенде Арша мерген атанып  
Бір ауылды асыраған деседі.

Жүрегімде қалды аңыздан қанша мұң,  
Бірақ сырын ұққандаймын аршаның.  
Мәңгі бақи жап-жасыл боп тұратын  
Аршаңызда тілегі бар баршаның.

### ТҮС

Ай сәулесі секілді бір  
Үйге түскен нұрланып.  
Бала кезден таныс бір түр  
Түсіме енді бір қалып.  
Тірліктегі кезіндей сол,  
Күлімдейді жайдары.  
Еш киындық сезінбей ол,  
Ақыл-кеңес айтады.  
Деді ол маған:  
— Қалың қалай, қарағым,  
Тіршіліктің түйдің бе ой-сабағын?  
Қабағына зер салдың ба,  
Қарадың ба ананың.  
Қызығына мәз болып бір.  
Шаттандың ба балаңның?  
Соның бәрін ойлауменен,  
Мен де мұнда алаңмын.  
Айналайын,  
Қарашығым,  
Қарағым.  
Аш-жалағаш болмадың сен,  
Сені айға баладым.  
Суыққа ұшып тоңбадың сен,  
Әр жолыңа қарадым.

Айналайын,  
Қарашығым,  
Қарағым.  
Жалғызым да жарығымсың,  
Нар тұлғам да өзіңсің.  
Алтын астау қалыбымсың,  
Арта калған көзімсің.  
Сенің алғаш жырларыңды,  
Оқығанда шаттанғам.  
Жасыра алмай жан сырымды,  
Дос-жаранға мақтанғам.  
Бірақ сенің тойыңды мен,  
Көреалмадым, білдің бе?  
Көтере алмай басыңды сен,  
Еңсең түсіп жүрдің бе?

Бәрі, бәрі Алла ісі де,  
Ренжіме, мұңайма,  
Немерелер түсіне ме  
Қайда атам деп сұрай ма?

Айналайын,  
Қарашығым,  
Қарағым.  
Сені өзіме санадым.  
Тілегім сол өтінемін,  
Ішпеорыстын арағын.  
Кенде емес қой тамағың.  
Ренжітпе ананнын,  
Қабағынакарай жүр,  
Қамынойлап балаңның,  
Адымынды санай жүр.  
— Деді де әкем күлімсіреп  
шығып кеткен сияқты.  
Ай сәулесі бір дірілдеп  
Сынып түскен сияқты.

Ұйқыда емес әлі ояумын.  
Көзімді ашып қараймын,  
Шығыс жақтан шуақ шашып  
Келе жатты арай күн.

## ТЕРІСАҚҚАН

Бір өзен бар Ұлытауда Терісаққан,  
Таудан төмен құлдилап еңіс аққан.  
Торғай бойын жағалап, Ертіс өтіп,  
Кең жазықта шапқылап тегіс аққан.

Терісаққан осы өзен Терісаққан,  
Сары далада самалмен желісе аққан.  
Сылдыр қағып сылқым үн, сиқыр сезім,  
Сұлулықпен сырласып келісе аққан.

Терісаққан айнадай жарқыраған,  
Жағасы тік жаркемеш нар құлаған.  
Отыз екі, тал, мішін, қалың жұтта,  
Алып шыққан апаттан халқың аман.

Терісаққан осы өзен оңға бұрған,  
Байлық осы білсеңіз қолда тұрған.  
Тасбұлақтың тұнығы бастау болып,  
Көбікшашып намысын арға жуған.

Қайран қалам бұл өзі неткен ғажап,  
Кеңдалада оңға аққан өзен аз-ақ.  
Оңға шапқан өзенді теріс дейді,  
Ат таба алмай қойған ба қайран қазақ.

Қайран қазақ, мақтанға дес бермейсің,  
Көк теңіздің толқынын аспанға атып  
Терісаққан құяды көк теңізге,  
Осы өзенмен бүгінде төскейдесің.

Терісаққан оңына бұрып аққан,  
Лайланбаған мөлдіреп тұнып аққан.  
Көңіліңдей қазақтың толқындап тұр,  
Дәл өзіңдей қазақтың күліп аққан.

Солға ақпаған өзінше ол оңына аққан,  
Сай-салаға тоқтамай толып жатқан.  
Көк теңіздің толқынын аспанға атып  
Сағасына жеткен де қонып жатқан.

### **ЖЫЛ КЕШІ**

Жаңарып келген жыл жаңа  
Жаңа жыр құйды көңілге.  
Жайқалған жасыл шырша да,  
Жұпарын шашты төр үйге.

Толтырып сыйға қоржынын,  
Ортаға келді Өз Ата.  
Шырқатып Жаңа жыл жырын  
Шырақты жақты маздата.

Бал кеші осы марқаю,  
Өн сала білсең жақсысың.  
Балпандай басқан ақ аю  
Киіпті қоян маскасын.

Қыранда кетіп барады.  
Түлкіге түссем бе екен деп  
Қу түлкі күлім қағады.  
Секіріп еркін секеңдеп,

Жайдары жарқын түрі-түсі,  
Билеп жүр бір сәт бәрі де-  
Күмбір де күмбір күлкісі  
Жасарып кеткен кәрі де.

Жазылып тағы Жаңа жыр,  
Шырқала берсін әні де.  
Жарқылдай келген Жаңа жыл  
Мол бақыт берсін бәріңе!

## ЕРКІН ЕЛІМ

Шуақ шашқан арайлы көгінде күн,  
Самалменен жайқалған жерінде егін.  
Қия шыңға талпынған бала қыран  
Қазақстан — киелі елім менің.

Кең даласы төсіліп жатқан бітпес,  
Көкбайрағы көлбеген аспан түстес.  
Болашағын ойлаған ұрпағының  
Ерлері бар ел үшін аттан түспес.

Қазақстан — Ұлытау бірлік басы,  
Шежіреден сырт шерткен әрбір тасы.  
Қазақстан — Қаратау қазыналы,  
Ой тастаған ұлтына Ордабасы.

Қазақстан — ақ басты Алатау де,  
Қазақстан көсілген Атырау де.  
Қазақстан Арал мен Балхаш, Семей  
Төтеп берген ажалға батыр-ау де.

Қазақстан — Есіл мен Ертіс маған,  
Қазақстан — Көкшетау ер қыстаған.  
Қазақстан — Қабанбай, Бөгенбайлар  
Баба салтын ұрпағы серт ұстанған.

Қазақстан жүз ұлттың Отаны де,  
Боздамайды боз іңген боталы де.  
Тілі, діні, салты бар, дәстүрі бар  
Еңбек сүйген ұлдары жоталы де.

Қазақстан — әлемге аты кеткен,  
Қазақ ұлы ғарышқа сапар шеккен.  
Өз тізгінін қолына алған қазақ  
Дала кезбей үйде тек жатар деп пе ең.

Қазақ аты береке, бірлік дер ем,  
Қазақ осы бірлікті — тірлік деген.  
Сахараға бүгінде шықты қазақ  
Тәуелсіз бір тағалы жүйрікпенен.

Шуақ шашқан арайлы көгінде күн,  
Самалымен жайқалған жерінде егін.  
Кендалада жүйткітіп бара жатыр  
Қазақстан шабандоз елім менің!

### **КӨКБАЙРАҒЫМ**

Мынау дархан далада,  
Ұқсағанжасбалаға.  
Азат болды бір халық  
Сан ғасыр сап араға.

Сол халықтың ұлымын,  
Еркін бүгін жыр — үнім.  
Тәй-тәй басқан баламын  
Нұр сыйпаған тұлымын.

Бала көңіл қазақпын,  
Күндейкөркем ғажаппын.  
Атам талай аңсаған  
Енді міне азатпын!

Үзіпжібін мазақтың,  
Болған осы Азат күн.  
Тұрсын мәңгі желбіреп,  
Көк байрағы қазақтың!

## МАЗМУНЫ

### Бірінші бөлім ТАҢБАЛЫ ТАС ТІЛ ҚАТҚАНДА...

Ұлытаудың ұлымын	4
Ұлылықтың жүрегі	5
Таңбалы тас	6
Тас бұлақ	8
Тағзым ет	9
Тау — кітап	10
Сырласу	11
Баубекке хат	14

### Екінші бөлім ҚҮМІС ТАМШЫЛАР

Шындығы сол	18
Жангүлім	18
Махаббат жайлы	19
Қас қағымда	19
Терезе теңескен күн	21
Тілек	22
Грузия — гүлстан	23
Мамырмен сырласу	24
Жаңа жылда	26
Аға тойына	27

### Үшінші бөлім КӨШ-КЕРУЕН КҮНГЕ БЕТТЕЙДІ

Өмір алға жылжиды	30
Керегі не өкпенің	31
Шықтым көктеп ертенге	32
Тұсау кесер	35
Жауап іздеп келем мең	37
Женіс	39
Соғыс әлі біткен жоқ	40
Менің әкем майдангер (баллада)	41
Гүл патшасы — Гүлжаһан (поэма)	47

## Төртінші бөлім НҮРЛҮ СЕЗІМ МОНШАҚТАРЫ

Батталға наз	63
Таныс, балам, Сәкенмен	64
Тында, ұлым, сен мені	65
Атам қазақ шерткен сыр	67
Жезқазған	68
Таудың ұлы	69
Дала ауруы	70
Өткенім тарих	71
Бір түйір дән	72
Өссін еркін балапан	73
«Ақ, кара ма...»	74
Арша туралы аңыз	74
Түс	81
Терісаққан	83
Жыл кеші	84
Еркін елім	85
Көк байрағым	86

Батырбек Мырзабеков

### ТАС БҮЛАҚ

Өлеңдер, баллада, поэма

Редакторы Ибраһим Бекмаханұлы  
Көркемдеуші редакторы — Р. Б. Слюсарева  
Техникалық редакторы — Л. М. Корщикова

Теруге 20.12.94 ж. жіберілді. 16.01.95 ж. басуға қол қойылды.  
Қалпы 70×108<sup>1/32</sup>. Көлемі 3,85 баспа табак. Таралымы 5000 дана.  
Заказ № 406. Бағасы келісім бойынша.

Алматы облыстық «Полиграфия» өндірістік бірлестігінің  
Ұйғыр аудандық баспаханасы, 483470, Шоңжы селосы,  
Алматы көшесі, 71-үй.



